




АБАЙДЫҢ АЙНАЛАСЫ ТАҒЛЫМЫ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



МОБИЛЬДІ АУДАРЫМ: ЖҰРТ НЕГЕ АЛАНДАУЛЫ?

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТАҒЫМ ЕТУ ТАБЫС КӨЗІ МЕ?

11-БЕТ | ҚОҒАМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қас-терлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай сала-сында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

№94
(4527)

Бейсенбі
10 тамыз
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



4



БАСПАНА БАҒАСЫ АРЗАНДАДЫ

Шілде айында нарықта үй бағасы арзандады. Яғни маусым айындағы көрсеткішке қарағанда, бір шаршы метрдің құны 1,7 пайызға төмендеді. Бірінші кредиттік бюросы осындай мәлімет таратты.

Мұндай жағдай 2015 жылдан бері алғаш байқалды. Әсіресе Астана нарықтағы үйлердің бағасы едәуір төмендеді (-3,4 пайыз). Бұдан бөлек, Алматы, Көкшетау және Қостанай қаласында баспана бағасы арзандады.

Жалпы, жыл басынан қайта сатылымға түскен баспана 3,7 пайызға, бір жылда 0,7 пайызға арзандады, жаңа баспана құны 0,1 пайызға төмендеді. Қазір шаршы метр 486,2 мың теңге шамасында.

Алайда баспананы жалға алу құны өсті. Шілдеде жалға алынған үйдегі шаршы метрдің құны 4,7 мың теңгені құрады, бұл оның алдындағы айдың деңгейінен 1,9 пайызға жоғары.



ҚОЛЖЕТІМДІ МЕ?

Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан, Семей, Қарағанды, Көкшетау, Павлодар, Петропавл және Қостанай қаласында 5G ұстайды. Ақпаратты жоғары жылдамдықты интернет жиілігін жүргізуге жауапты «Kcell» АҚ және «Мобайл Телеком Сервис» ЖШС таратты.

Оператордың баспасөз қызметі елдің әртүрлі қалаларында 5G желісін ұстайтын орындардың тізімін ұсынды. Бұл тізімде елорда көш ілгері тұр.

Астана қаласында 40-қа жуық орында жоғары жылдамдықты интернет қолжетімді. Оның ішінде мемлекеттік мекемелер, бизнес орталықтар, кәсіпкерлік субъектілері, қонақ үйлер, көше қиылыстары, спорт сарайлары, тұрғын үй кешендері бар.

ШАҒЫН БИЗНЕСКЕ – ҮЛКЕН ҚОЛДАУ

Экономиканың негізгі тірегі саналатын шағын және орта бизнес еліміздің бас қаласында да қарқынды дамып келеді. Жас кәсіпкерлерге елорда әкімдігі тарапынан кең қолдау көрсетілуде. Сонымен қатар шағын және орта бизнес саласында жұмыспен қамтылғандар саны жыл өткен сайын артып отыр. Қазіргі таңда қаламызда 223 597 шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді, оларда жұмыспен қамтылған адамдардың саны – 499 445. 2022 жылдың қорытындысы бойынша шағын және орта бизнестің қала экономикасына қосқан үлесі – 69,5 пайыз немесе 7,2 трлн теңге.



«Жасыл Даму» АҚ бастамасымен елдің ірі қалалары мен Алматы – Астана бағытындағы күре жолда автокөлікті электрмен қуаттайтын стансаның инфрақұрылымын дамытуға арналған жоба іске асырылды.

Қазір Астанада электромобильдерді қуаттайтын 51 станса, Алматыда – 52, сондай-ақ Павлодар мен Ақтау қалаларында және Астана – Щучинск бағытындағы автожолда бір-бір стансадан қойылды.

Бұған қоса Қазақстанда жылдам қуаттайтын стансалар да бар. Мәселен, бас шаһардағы Talan Towers зәулім кешенінің аумағында 6 Tesla Supercharger қуаттау жүйесі көлік жүргізушілерге қолжетімді.



2023 жылы 10 тамызында сағат 15:00-де «Central Market» алаңында (Алаш тасжолы №15) бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтеді.

Астана қаласындағы жоғары оқу орындарының түлектері мен елордалық жастар үшін бос жұмыс орындары жәрмеңкесін «Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы», Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» ЖРО» және Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильдігі орталығы» бірлесе ұйымдастырады. Жәрмеңкеде 20 компания 100-ден аса вакансия ұсынады. Бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізудегі негізгі мақсаты – жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші арасындағы тікелей байланысты жандандырып, жұмыссыз азаматтарды барынша көбірек жұмысқа орналастыру.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 487.28 \$ USD/KZT 445.29 ₸ RUB/KZT 4.69 ¥ CNY/KZT 61.99

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚТЫ ПЫСЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Павлодар облысына жұмыс сапары Екібастұз қаласындағы жылу электр орталығын аралап көруден басталды.

Мемлекет басшысы жылу электр орталығында жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарын тексерді.

Облыс әкімі Асайын Байхановтың баяндауына, техникалық аудит нәтижесінде Екібастұз ЖЭО акционерлерімен бірлесе қаланы жылумен қамтамасыз ету мәселелерін шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары дайындалып, бекітілді. «ОАЭК» компаниясы жылу желілерінің әбден

пына келтіру жұмыстарының сапасы мен мерзімін айрықша бақылауға алуы тапсырды.

– Жағдай күрделі. Көп нәрсе тозған. Бұл мәселемен жүйелі түрде айналысып, әрқашан бақылауда ұстау қажет. Былтыр қыстағы жағдай осы қалада немесе басқа қалада да қайталанбауы керек. Бұл – Үкімет пен барлық әкімдердің жауапкершілігі. Болған жағдайдан ащы сабақ

желілерге жүргізілген гидравликалық сынақтар нәтижесінде анықталған 304 ақау жойылып, 62 шақырым құбыр мен 95 дана бекіту арматурасының 76-сы ауыстырылды. Сондай-ақ Үкімет резервінен бөлінген қаражат есебінен 5,4 шақырым жылу магистралі жаңартылып жатыр.

Екібастұздағы апатты жағдайлардың алдын алу үшін екі жобаны іске асыру керек. Бірінші жоба



тозығы жеткен учаскелері бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы және ЖЭО-дағы жөндеу жұмыстарына қатысты техникалық шешімдерді әзірледі.

Жоспарға сәйкес «ОАЭК» АҚ-ның жеке қаржысы (8,2 млрд теңге) және Үкімет резерві мен облыстық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен (8,5 млрд теңге) барлық 10 қазандық агрегаты (5 бу және 5 су жылыту) жөнделеді.

Нысанның жай-күйімен танысқан Президент Үкімет пен облыс әкіміне Екібастұз ЖЭО-сының қызметін қал-

алдық. Ел азаматтары мен аталған қалалардың тұрғындарына шыдамдылық пен түсіністік танытқаны үшін алғыс айту керек. Бірақ үнемі тезе беруге де болмайды. Сондықтан тиісті шараларды қабылдаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы орамшілік және магистральдық желілердің, сондай-ақ қаладағы тұрғын үй қорының алдағы жылыту маусымына дайындық барысын тексерді.

Павлодар облысының әкімі Асайын Байхановтың айтуынша, бүгінде магистральдық және орамшілік

– Екібастұз ЖЭО-ға техникалық судың үздіксіз берілуін қамтамасыз ететін магистральдық құбырдың құрылысы. Екіншісі – жаңа жылу магистралінің құрылысы. Бұл қаланың төрт шағын ауданындағы жылу жүйесінің теңгерімділігін қамтамасыз етіп, 9 мыңнан астам қала тұрғынын жылумен қамтамасыз ету параметрлерін айтарлықтай жақсартады.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр Үкімет келесі жылдан бастап аталмыш жобаларды қаржыландыру мәселесін пысықтап жатқанын жеткізді.



ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТІЛЕГІН БІЛДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Павлодар облысына сапарында жергілікті тұрғындармен емен-жарқын диалог құрып, әңгімелесті.

Мемлекет басшысы қиын-қыстау жағдайда шыдамдылық танытқаны және апат салдарын жою кезінде азаматтық белсенділік көрсеткені үшін екібастұздықтарға алғыс айтты.

– Екібастұзға ахуалды көру үшін арнайы келіп отырмын. Өткен қыс оңай болған жоқ. Бәрін көрдім, түсінемін. Дегенмен бәріміз бір ұлт, бір ел ретінде ауызбіршілік танытуымыз керек. Қала тұрғындары осы қиын жағдайда сабырлық танытып, шыдады. Азаматтық позициясын, көзқарасын білдірді. Сондықтан баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Үкіметке тиісті тапсырмалар берілді. Тиісті қаражат бөлінді. Сондықтан бәрі ойдағыдай болады деп ойлаймын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы төтенше жағдай қайталанбауы үшін Үкімет тарапынан барлық қажетті шаралар қабылданып жатқанын мәлімдеді.

Сонымен қатар тұрғындар мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау үшін алғыс айтып, Президенттен қаланы абаттандыру және

әлеуметтік нысандар салу мәселесін көтерді. Атап айтқанда, Екібастұз қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Самат Рамазанов «Шахтер» саябағына күрделі жөндеу жүргізу қажет екенін айтты. Ал көпбалалы ана Аяна Смағұлова қалада балалардың бос уақытын тиімді өткізіп, олардың жан-жақты дамуына арналған Шығармашылық үйін салып беруді сұрады.

Мемлекет басшысы тұрғындардың өтініштерін назарға алып, тиісті тапсырма беретінін жеткізді.

– Дұрыс айтасыз. Назарға аламыз. Қысқа уақыт ішінде Шығармашылық сарайын саламыз. Жалпы, бізге ел көлемінде өскелең ұрпаққа қызмет ететін нысандарды көбірек салу керек. Спортпен айналысу керек екенін айтып жүрмін ғой. Балаларды спортқа баулу керек. Бірақ ол үшін лайықты спорт алаңдары, стадиондар қажет. Тіпті, ондай спорт нысандар елорда да жетіспейді. Сондықтан әкімдер бұл мәселемен міндетті түрде айналысуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Үкімет отырысында 2023-2027 жылға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасы қаралды. Қазір ішкі миграцияны реттеп, шеттегі қандастарды елдің солтүстік өңірлеріне қоныстандыру міндеті тұр. Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен жиында маңызды мәселелер талданды.

Елге келген азаматтардың негізгі географиясы – ТМД елдері, Қытай, және Моңғолия. Олардың басым көпшілігі – еңбекке қабілетті техникалық, экономикалық, педагогикалық, медициналық жоғары білімі бар азаматтар. Бұл туралы Премьер-министрдің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова айтты.

Ішкі көші-қон үрдісінде де оң өзгеріс бар. Есепті кезеңде 160 мыңнан аса тұрғын ел ішінде қоныс аударды. Бұл ретте, ірі қалаларға көш тізгінін бұрған азаматтардың үлес салмағы 40 пайыз көлемінде болды.

Көші-қон саясаты 7 бағытта жүзеге асырылады. Оның ішінде, білім иммиграциясы, шетелден білікті ма-

мандар тарту, этностық иммиграция сынды басымдықтар бар.

– Бағдарламаның бір басымдығы – Үкімет айқындаған өңірге жолдама беру. Бұл бағытта жолдама тек қандастарға беріледі. Жыл басынан бері Қазақстанға 13,5 мыңнан астам қандас оралды, оның 8,5 мыңы – еңбекке қабілетті азамат. Олар әлеуметтік қолдау және бейімдеу, жұмысқа орналастыру шарасымен қамтылды. Сосын бағдарлама аясында шетелде еңбек етіп жүрген Қазақстан азаматтарының еңбек құқығын қорғау қаралады. Жұмыс күші көп өңірлер мен жұмыс күші жетіспейтін аймақтар арасындағы демографиялық айырманы теңестіру үшін ішкі ұтқырлықты ынталандыру

жұмысы жүргізіледі» деді ведомство басшысы.

Министр негізгі заңнамалық актілер толық қабылданғанын, ендігі жерде көші-қон тұжырымдамасын неғұрлым тиімді етіп өзгертуге және ел экономикасының мүддесіне батынша пайдалану керектігін айтты.

Көші-қон тұжырымдамасында білім беру иммиграциясына қатысты бес бағыт, бір нысаналы индикатор көзделген. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек айтты берді.

– Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ынтымақтастықтың негізгі бағыты – студенттермен, оқытушылар-

мен және ғалымдармен академиялық алмасу, бірлескен ғылыми жобалар мен академиялық бағдарламаларды іске асыру. Бүгінде 90-нан астам ЖОО 1500-ге жуық ғылыми жобаны, 181 қос диплом бағдарламасын және 62 бірлескен білім беру бағдарламасын іске асырды, – деді салаға жауапты министр.

Министрлік шетелдік университеттермен бірлесіп, заманауи кампусы бар салалық университеттер құру бойынша жұмыс жүргізуде. Президент Қ.Тоқаевтың тапсырмасын іске асыру мақсатында Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің 2023-2027 жылға арналған даму бағдарламасы бекітілді, соның шеңберінде инженерлік білім мен ғылымда жаңа технологиялардың ғылыми-зерттеу хабын құру көзделді. Алматы облысының әкімімен бірлесіп, Қонаев қаласында инновациялық орталық пен жаңа заманауи университеті

бар академиялық қалашық құру, Алматы жоғары оқу орындары мен колледждердің филиалын ашу және Жезқазған қаласында Техникалық университетін құру жұмысы жүргізілуде. Негізгі стратегиялық әріптес канадалық жоғары оқу орындары болады.

Павлодар облысы әкімінің орынбасары А.Құрманова өңірге 16 мыңнан астам адам келгенін баяндады.

Айта кететіні, Астана қаласының «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасы аясында 2023 жылғы Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қоныс аудару бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде.

Қоныс аударған азаматтарға тұрғын үй сатып алуға немесе жалдап тұру ақысы беріледі. Әрі отбасының әрбір мүшесіне берілетін субсидия қайтарымсыз гранттар, тұрақты жұмыс қамтамасыз етіледі.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Биылғы шілде адамзат тарихындағы ең ыстық ай аталды.

Бұған дейінгі рекорд 2019 жыл тіркеліп еді. Табиғаттың тосын мінез танытуына климаттың өзгеруі себеп дейді ғалымдар. Қазір Еуропада, одан қалса Америкада күн күйіп тұр. Еуропа мен АҚШ-тан бөлек, климаттың өзгеруінің салдарынан Антарктидада өлшемді әлемдегі ең үлкен аралдың ауданындай болатын мұз еріп кетті.



Алтайда қойлар альпинистке айналды.

Олар 70 метрлік биік жартаққа шығуын шығып, кейін төмен түсе алмай қалған. Қожайындары ашатұяқтыларды түсірмек болған, бірақ бұл әрекеттері сәтсіз аяқталып, бірнеше қой құлап, опат болды. Сондықтан кәсіби мамандардың қызметіне жүгінуден басқа амал қалмады. Құтқарушылар жартаққа түсіп, әр қойды жеке-жеке биікке шығарды. Мұндай оқиға өңірде алғаш рет болып отыр.



«Бостандық аралының» тұрғындары велосипедтерді бамбуктен жасай бастады.

Тың кәсіпті, жергілікті шеберхана қолға алған. Оларға Нидерланд елшілігі қаржылай қолдау көрсетті. Мамандар бамбук көлікті жеңіл әрі қоршаған ортаға залалсыз екенін алға тартады. АҚШ билігі салған санкциядан және коронавирустан қатты зардап шеккен Куба сырт елдерден велосипед импорттай алмайды.

ТІЛСІЗ ЖАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Астананың Алматы ауданында өрт қауіпсіздігі шараларын күшейту бойынша кеңес өтті.



Ауданда жыл басынан бері 112 өрт тіркелді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,1%-ға аз. Былтыр аудан аумағында 126 жағдай тіркелген.

Мамандардың мәлімдеуінше, өрттің негізгі себебі әлі де отпен жұмыс істеу кезіндегі абайсыздық және электр құрылғыларының дұрыс жұмыс істемеуі болып

табылады. Осыған орай, кеңес барысында Алматы ауданының әкімі Мақсат Саматұлы өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуына мониторинг жүргізуді

және өрт дабылы автоматты қондырғыларының, түгінге қарсы қорғаныстың және жариялау жүйелерінің жарамдылығын қамтамасыз етуді тапсырды. Өрт сөндіру техникасының көппәтерлі үйлердің аулаларына және басқа да құрылыстарға кедергісіз өтуін қамтамасыз ету қажеттігіне ерекше назар аударды.

Жұмыс кездесуінің соңында аудан әкімі тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын одан әрі жалғастыруды тапсырды.

– Әлеуметтік-профилактикалық жұмыстарды жалғастыру және өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, атап айтқанда, тұрғындарға эвакуацияның негізгі және қосалқы жолдарын бітеуге болмайтынын түсіндіру қажет, – деді М.Саматұлы.

МЕКТЕП ЖӘРМЕҢКЕСІ ШАҚЫРАДЫ

Биыл Астанада мектеп жәрмеңкесі 12 тамыздан бастап бес жерде жұмыс істейді. Онда отандық тауар өндірушілер өз өнімдерін кеңінен ұсына алады.

Бұл – ата-аналар мен мектеп оқушылары асыған күтетін жылдағы дәстүрлі іс-шара. Арнайы ұйымдастырылып отырғасын көпшілікте сөредегі тауарлардың нарықтан 15-20 пайызға арзан болады деген сенім бар. Сондықтан жәрмеңкеге айдың соңына дейін әр сенбі мен жексенбі күндері тамыз айының 12, 13, 19, 20, 26, 27 жұлдызына дейін баруға болады:

Биылғы мектеп жәрмеңкесі: Нұра ауданындағы цирк; Байқоңыр ауданындағы «Тұлпар» сауда үйі алдында; «Аймақтау» сауда үйі тұрағын-

да; Сарыарқа ауданындағы «Demals Promenade» аллеясы мен Қосшығұллы көшесі, 14; Есіл ауданындағы Ботаникалық бақ тұрағы мен Алматы ауданындағы Абылай хан даңғылы, 20а мекенжайында орналасқан.

Қазіргі уақытта аталған жәрмеңкелерге қатысу үшін «Атамекен» ӨКП-мен бірлесіп отандық тауар өндірушілердің тізбесі пысықталып жатыр, сондай-ақ жергілікті шеберлер мен қолөнершілерге қолдау көрсету мақсатында «Хас шебер» бірлестігін (Зиуар) тарту жоспарланып отыр.



ЦИФРЛЫ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖЕТІСТІГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды екенін айтып, «мемлекетімізді және қоғамның барлық саласын жаңғырта түсуге тиіспіз» деген еді.

Осы тұрғыдан алғанда, заңнамалар заман ағымымен үйлесе жаңғыртылып, ақпараттық технологиялар енді. Олар соттар жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, қоғамның сот төрелігіне деген қолжетімділігін арттырды. Бұлар өз кезегінде ашықтық пен жеделдікті қамтамасыз етті. Өткен жылдарға шегініс жасасақ, азаматтар сотқа келіп, кезек күтіп арыз-шағым беретін, сот отырысының хаттамалары бума-бума қағазға түсірілетін. Әсіресе, бұл жағдай қаладан шалғайда жатқан ауыл тұрғындары үшін қолайсыздық туғызатын. Ал қазіргі таңда саңдық технологиялар жетістігінің нәтижесінде, сот саласы қағазбастылықтан арылды. Атап айтсақ, соттарға «Төрелі» ақпараттық жүйесі,

«Сот кабинеті» сервисі, сот органдарымен байланысу CALL орталығы, сенім телефоны, дыбыс-бейнежазба құрылғылары енгізіліп, тіпті, тараптар сот отырыстарына қашықтықтан қатысатын болды. Бүгінде «Сот кабинеті» сотқа жүгінуші тараптардың арасында маңызды сервиске айналды. «Сот кабинеті» арқылы азаматтар сот органдарының электрондық сервистеріне қол жеткізіп, оның орындалуын үйде немесе жұмыс орындарында отырып қарай алады. Мәселен, жыл басынан бері «Сот кабинеті» арқылы соттарға 4480 арыз түссе, оның ішінде 3342 талап-арыз тіркелді. Сонымен қатар, «Сот кабинетінің» мобильдік қосымшасында тағайындалған сот отырыстары туралы ақпаратты он-

лайн режимде табуға, сот органдарына «Сот кабинеті» веб-сервисі арқылы жолданған барлық құжаттарды көруге, пайдаланушы берген сот құжаттарын бақылап отыруға мүмкіндік жасалған. Бүгінгі таңда соттарда бейне-конференцбайланыстың да қолданысы күн сайын артып келеді.

Себебі сотқа қашықтықтан қатысу тиімділігі аз уақыттың ішінде дәлелденді. Ең алдымен, бұл сотқа қатысушылардың жолға жұмсайтын шығыны мен уақытын үндемдеуімен маңызды. Сондай-ақ сотқа келушілердің шағымдарын қарау бойынша жүйеге енгізілген қызметтің бірі – «Digital agent». Аталған мобильді қосымша бағалау жүйесі бойынша жұмыс істейді. Осы арқылы

азаматтар соттар қызметін бағалап, өз пікірлерін қалдыра алады. Тағы бір айта кетерлігі, барлық сот процестерінің дыбыс-бейнежазбаға жазылуы. Қазіргі күні сот залдарындағы дыбыс-бейнежазба құрылғыларының әрбір қатысушының сөзін «тайға таңба басқандай» жазуы жариялылықты арттырып қана қойған жоқ, сонымен бірге тараптарды тәртіпке шақыруға жол ашты. Деректерге сүйенсек, еліміз бойынша 280 сотта жоғары талапқа сай жабдықталған фронт-офистер ашылып, сот отырысының 1,5 мың электрондық залы жабдықталған. Бүгінгі таңда сот жүйесіндегі жылдам әрі сапалы цифрлы қызметтің барлығы азаматтардың игілігіне бағытталған.

Бейсенбек ӘЛИЕВ,
Астана қаласы
мамандандырылған
ауданаралық
экономикалық
сотының судьясы

Суданда қарулы қақтығыстан 4 миллион адам босқыңға айналды.

Елдегі басты ақпарат көздерінің мәліметтері бойынша қазір бірнеше қалада әскери қимылдардан азық-түлік жетіспей ашаршылық жайлап, жұқпалы аурулардың таралуы жиілеген. Әсіресе ел астанасы Хартумда ахуал нашар. Ұрыс қимылдарының көбі осы шаһар мен оның төңірегінде жалғасып жатыр. Мемлекетте үкімет әскері мен арнайы жасақ арасындағы қақтығыс сәуір айында басталған еді.



Нидерландтың орталық бөлігіндегі Флеволанд провинциясы Алмере қаласында қанатқақты жоба іске қосылды.

Соның аясында орталық жылу жүйесіндегі су аққан жерді иісшіл иттер арқылы табады. Такер атты ит пен кинолог маман Уэсли Виссер қалалық жылумен жабдықтау жүйесіндегі су жылыстаған жерді бірге іздеп жатыр. Жануар кәдімгі судың иісінен сәл өзгеше орталықтандырылған жылумен жабдықталған судың иісіне иретілген.

Елордалық коммуникациялар қызметі алаңында №4 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің директоры Нұрбол Жарқынбеков оқушылардың халықаралық және республикалық чемпионаттардағы жетістігі және алдағы ірі-ірі турнирлер туралы баяндады.

СПОРТШЫЛАР НӘТИЖЕСІ ҚАНДАЙ?

Спорт мектеп жузу, суға секіру, академиялық есу, байдарка мен каноэде есу, үйлесімді жүзу түрі бойынша спортшылардың бабын шындайды. Мұнда спорт түрлеріне қарай 7-12 жастан балалар қабылданады. Ал 10-12 жастағы ұлдар мен қыздар байдарка мен каноэ есу спортына қатыса алады.

– Спорт мектепте балалар дайындықтың төрт кезеңінен өтеді. Яғни бастапқы даярлық – баланың қабілетіне қарай 1-3 жыл болады. Сосын оқу-жаттығу кезеңінде даярлық курсына табысты меңгерген оқушылар жиналады. Спорттық жетілдіру және жоғары спорттық жетілдіру кезеңдерінде спортшылар түрлі деңгейдегі жарыстарға қатыса бастайды. Оқу-жаттығу процесін 23 жаттықтырушы жүзеге асырады, – деді спорт мектептің басшысы.

Жүзу бөліміндегі 478 спортшының бабын 8 жаттықтырушы шындайды. Ал академиялық есуге қатысатын 84 спортшыға 5 жаттықтырушы, байдарка мен каноэ спорты бойынша жаттығатын 120 жасөспірімге 7 жаттықтырушы спорттың қыр-сырын үйретеді. Суға секіруге 12 спортшы қатысса,

оған 2 жаттықтырушы, үйлесімді жүзу бөліміндегі 37 спортшыға 1 жаттықтырушы тәлім береді.

2022 жылы республикалық және халықаралық деңгейдегі 40-тан астам жарысқа қатысып, 688 медаль жеңіп алды. Соның ішінде 2022 жылы Тайландта өткен Азия чемпионатында байдарка мен каноэде есу спорты бойынша 5 алтын, 3 күміс, 3 қола медальмен жеңіп алды. Одан бөлек, Өзбекстанда өткен Азия чемпионатында байдарка мен каноэде есуден, Әзербайжанда өткен «Мингячевирская регата» халықаралық турнирінде, Францияда өткен гимназия ойындарында, Болгария ашық чемпионатында елордалық спортшылар табысты өнер көрсетті.

– Жыл басынан бері спортшылар түрлі деңгейдегі 30 спорттық іс-шараларға қатысып, 276 алтын, 252 күміс, 241 қола медальге қол жеткізді.

Құз айларында біздің спортшылар Қытайда өтетін Азия ойындарына, Өзбекстанда өтетін Азия чемпионатына, Израильде өтетін жастар арасындағы Әлем чемпионатына, Филиппинде жас топтары арасындағы Азия чемпионатына қатысады, – деді Нұрбол Жарқынбеков.

ЧЕМПИОНДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Жапонияның астанасы Токиода өткен халықаралық лицензиялық жарыстың жеңімпаздары Севда Әлиева мен Айгүл Балмағамбетованы жерлестері Астана қаласындағы халықаралық әуежайдан күтіп алды.



Арбамен билеуден өткен жарысқа 18 елден 100-ден аса спортшысы келді. Елордалық пара бишілер турнирде табысты өнер көрсетіп, 1 алтын, 1 күміс, 2 қола медаль жеңіп алды.

Рухы мықты спортшыларды әуежайдан Астана қаласы әкімінің орын-

басары Есет Байкен және қалалық спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев қарсы алып, ілтипат көрсетіп, құттықтады.

Енді елордалық спортшылар Италияда өтетін Әлем чемпионатында ел намысын қорғайды.

ЖЕР ТЕЛІМІ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Кейінгі кезде елімізде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасына сәйкес, жер қатынастары саласына қатысты мониторингтік сыртқы талдау жүргізілуде.

Осыған орай жақында Астана қаласының прокуратурасы мемлекет мұқтаждығы үшін алынған жер телімдері бойынша сот актілерінің орындалуына тексеріс жүргізді.

Бас прокуратураның мәліметі бойынша, тексеру барысында акционерлік қоғам еріксіз иеліктен шығарылатын жер учаскесі үшін

663 млн теңге көлемінде өтемақы алғаны анықталды. Алайда 2 жыл бойы соттың мектеп пен жатақхана салу үшін 2 жер телімін мемлекетке беру туралы шешімін орындамаған.

Прокурорлық қадағалау актісі бойынша сот шешімі орындалып, жер учаскелері мемлекетке қайтарылды.

№94 (4527) 10/08/2023 Бейсенбі

ШАҒЫН БИЗНЕСКЕ – ҮЛКЕН ҚОЛДАУ

Елордада шағын және орта бизнес субъектілерінде жұмыспен қамтылғандар саны артып келеді. Бұл туралы қалалық коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Сапаров мәлімдеді.



Астанада шағын және орта бизнес ойдағыдай қарқынды дамып келеді. Кәсіпкерлерге қала әкімдігі тарапынан кең қолдау көрсетілуде.

– Қазіргі уақытта қаламызда 223 597 шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді және оларда жұмыспен қамтылған адамдардың саны – 499 445. Бұл елорданың экономикалық белсенді халқының 72,8 пайызын құрайды. Сонымен қатар шағын және орта бизнес саласында жұмыспен қамтылғандар саны

артқанын атап өткім келеді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша шағын және орта бизнестің қала экономикасына қосқан үлесі 69,5 пайызды немесе 7,2 трлн теңгені құрайды, – деді Қуаныш Сапаров.

Шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында елордада кәсіпкерлерге бірқатар қолдау іс-шаралары жүргізілуде. Атап айтқанда, Кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы аясында 4 бағыт бойынша қаржылық

қолдау жүзеге асырылады. Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталды. Оның атап өтуінше, бірінші бағыт – кәсіпкерлердің несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау. Биыл бұл бағытта екінші деңгейлі банктер арқылы 35,8 млрд теңге сомасына 648 шартқа қол қойылды.

Екінші бағыт – кәсіпкерлердің несиелеріне ішінара кепілдік беру. Осы жылы 8,1 млрд теңгеге кепілдік төлеу сомасына 852 шарт рәсімделді.

Үшінші бағыт – жетіспейтін инфрақұрылымды жүргізу. Жетіспейтін инфрақұрылымды жүргізу үшін биыл 1 жобаға 112,8 млн теңге сомасына қолдау көрсетілді.

Төртінші бағыт – мемлекет тарапынан қайтарымсыз негізде берілетін гранттар.

– Сонымен қатар әкімдік «Даму» қорымен бірлесіп, «Астана-бизнес» салалық шектеулерсіз жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасын іске асырады. Осы бағдарлама бойынша кәсіпін



жаңа бастаған кәсіпкерлер 50 млн теңгеге дейін, жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлер 100 млн теңгеге дейін жеңілдетілген несие ала алады. Бұл несиенің сыйақы мөлшерлемесі 7 пайызды құрайды. Ол 7 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Аталған бағытқа биыл 1 млрд теңге қарастырылған, – деді Қуаныш Сапаров.

Сондай-ақ Астана қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары бүгінгі таңда кәсіпкерге беріліп жатқан қайтарымсыз мемлекеттік грантты олар қандай мақсатқа жұмсай алатынын айтты.

– Қайтарымсыз мемлекеттік гранттар Үкіметтің 2019 жылғы 31 желтоқсанда бекітілген Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы аясында «Жаңа бизнес идеяларды іске

асыруға мемлекеттік гранттар беру» қағидасы негізінде беріледі. Биыл сәуір айында осы қағидаға бірқатар өзгеріс енгізілді. Енді грантқа тіркелгеніне үш жыл болған жеке кәсіпкер және республикалық тізілімге енгізілген әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері ғана қатыса алады, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Қуаныш Сапаровтың айтуынша, конкурсқа қатысу үшін кәсіпкермен мемлекеттік грант көлемінің кемінде 20 пайызы мөлшерінде, оның ішінде бизнес-жобаға қатысатын жеке жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікпен қоса қаржыландыру, жаңа жұмыс орындарын құру, кәсіпкердің бизнес-жобасында инфрақұрылымның

болуы және жобаны іске асыру үшін жеткілікті инфрақұрылым құру көзделген инвестициялық жоспардың болуы шарт.

– Кәсіпкерлер грант қаражатын тауарларды шығару немесе қызметтер көрсету үшін қажетті негізгі құралдарды, шикізатты және материалдарды, материалдық емес активтерді, технологияларды, кешенді кәсіпкерлік лицензия құқықтарын сатып алуға, зерттеу жұмыстарына және жаңа технологияларды енгізуге қатысты шығыстарға ғана жұмсай алады. Мемлекеттік гранттар өтінім қабылдау дәл қазір жүргізіліп жатыр. Өтінімдер 7-16 тамыз аралығында Kезекte.kz онлайн портал арқылы электронды түрде қабылданады, – деді Қуаныш Сапаров.

Дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі жандар, жалғызділікті аналар, балалар үйінің

түлектері, бас бостандығынан айыру орындарынан шыққандар сияқты халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтар арасында жұмыссыздықтың жоғары деңгейі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Дәл осы мәселені шешу үшін 2015 жылы «Green Tal» кәсіпорны құрылған болатын. Міне, сол уақыттан бері әлеуметтік кәсіпкер әртүрлі жастағы балалардың дамуына арналған сан алуан ағаш ойыншықтармен бірге жиһаз, кәдесый және тігін өнімдерін өндірумен айналысып келеді. Сонымен бірге кәсіпорын жанында IT-қызметтер көрсету бойынша әлеуметтік шеберхана және полиграфия да бар.

Біз келгенде шеберханада қызу жұмыс жүріп жатты. Ағаштан түйін түйген шеберлердің барлығы дерлік ерекше жандар екен. Олардың әр детальды асықпай егеп, бір ғана ойыншықты құрастыру үшін қажетті бірнеше бөлшекте келесі адамға дайындап беру ісін көзімізбен көрдік.

– Қазіргі таңда мұндай ойыншықтарды көп ешкім шығармайды. Себебі оны жасау өте қиын. Естеріңізде болса, мұндай ойыншықтар бұрын тек кеңестер одағы кезінде шығарылатын. Өйткені ағашты кескеннен кейін оның қырын ерекше ыждапатпен егеп, ерінбей тегістеп, ретке келтіру оңай шаруа емес. Ал мүмкіндігі шектеулі жандар

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАН

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грантқа ие болғандардың бірі – «Green Tal» әлеуметтік шеберханасының жетекшісі Эмин Әскеров. Елордалық кәсіпкер сегіз жылдан бері әлеуметтік маңызы бар жобалармен белсенді айналысып, бұл үрдісті бүкіл ел бойынша сәтті дамытып келеді.

үшін бұл жұмыстар еш қиындық тудырмайды. Олар сегіз сағат бойы бір орында тапжылмай, әр детальды ерекше шыдамдылықпен тегістеп шыға алады. Біздің жұмысымыздың басты ерекшелігі де осында болса керек, – деді Эмин Әскеров.

Таза ағаштан жасалған ойыншықтар көздің жауын алады. Мәселен, мына бір жүк көлігі балалардың архитектуралық дағдыларын дамытуға арналған. Ойыншық 200 элементтен тұрады.

Бұл цехта сондай-ақ кәдімгі тойларда кәдесый ретінде той-бастарға таратылып жүрген ағаш қобдишалар да шығарылады екен. Жеке кәсіпкердің айтуынша, ойыншықтар мен жиналмалы жиһаздарды негізінен балабақшалар мен мектептер және жеке тұтынушылар тапсырыс беру арқылы, көбіне әлеуметтік желілер арқылы немесе бірінен-бірі естіп, келіп сатып алып жатады.

Біз тігін цехында да жұмыстың қызған шағына тап болдық. Алдыңғы қатарда орналасқан тігін машинкасында кіріп-шыққан



адамдарды елең қылмай, өз бетімен іс тігіп отырған жас қызды әңгімеге тарттым.

– Бұл – менің алғашқы жұмыс орным. Екінші топтағы мүгедекпін. Сондықтан да болар, бұған дейін еш жерге жұмысқа алмады. Тек, осыдан екі жыл бұрын қалалық Жұмыспен қамту орталығы арқылы осы шеберханаға жұмысқа орналастым. Қазір қолға ұстайтын сұмқалардың қажетті бөлшектерін тігіп жатырмын. Ұжымым өте жақсы. Жұмысым да өзіме ерекше ұнайды, – деді елордалық Нұркеш Байсалбаева.

Қазақстанға Монголиядан 2007 жылы көшіп келген Ағзам Қамар болса осы цехтағы ең тәжірибелі, он саусағынан өнер тамған нағыз шеберлердің бірі екен. Осы кәсіпорында 2019 жылдан бастап «қандастар» бағдарламасы бойынша жұмыс істеп келеді. Бүгінде жүннен жа-

салған маталарға бізбен өрнек тігудің хас шебері тапсырыспен түрлі күртеше, шарф, тіпті пальто да тігетінін жеткізді.

Жалпы, тігін цехында қазіргі кезде 14 адам жұмыс істейді екен.

– Әлеуметтік кәсіпкерлер – бұл кез келген әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған кәсіпорындарды құратын адамдар. Мысалы, өз басым 2015 жылы «Green Tal» әлеуметтік шеберханасының негізін қаладым. Біз әлеуметтік санаттағы азаматтарды жұмыспен қамту мәселелерін шешеміз. Біздің жоба шеңберінде қазіргі таңда шеберханада барлығы 45 адам еңбек етеді, олардың 95%-ы – әлеуметтік санатқа жататын азаматтар. Әрине, біз жастарға назар аударуға тырысамыз. Өйткені олар ойлағанын іске асыра алмай шектелсе, қиналатынын түсінеміз, – деді Эмин Әскеров.

Расында да, кейінгі кездері өкінішке қарай, Қазақстанда шизофрения мен аутизм ауруы бар балалардың саны өсіп бара жатыр. Диспансерлік есепте тұрған балалардың жұмысқа қабілеті болатынын барлық жұмыс берушілердің бірдей

ескере бермейтіні шындық. Бұл ретте «Green Tal» әлеуметтік шеберханасының негізін қалаушы таптаурынды түсінікті бұзып, дәл осы санаттағы азаматтардың тең мүмкіндіктерге лайық екенін дәлелдеумен келеді.

– Қазақстанда 300-ге жуық әлеуметтік кәсіпкер бар. Ал Ұлыбританияда олардың саны 70 мыңнан асады. Ол елдегі әлеуметтік кәсіпкерлердің салықтық түсімдерінен түсетін сома ЖІӨ-нің 10%-дық үлесін құрайды. Әлеуметтік кәсіпкерлер әлеуметтік мәселелерді шешіп қана қоймай, мемлекеттік бюджетті толықтырады, – деді Эмин Әскеров.

Бүгінде «Green Tal» әлеуметтік шеберханасының Павлодар және Екібастұз қалаларында филиалы бар. Онда бас бостандығынан айрылып, колонияда отырған және бұрын сотталған адамдарға арналған цех жұмыс істейді.

Қазіргі таңда жалпы саны 45 адамды жұмыспен қамтып отырған жеке кәсіпкер бізбен қоштасарда келешекте зауыт ашсам деп армандайтынын, сол күнге аман-есен жетсе, әлі 100 шақты әлеуметтік осал топтағы азаматтарды жұмыспен қамтамасыз еткісі келетінін жасырмай айтып қалды. Қаржыны көбейту үшін емес, айналасына қайырымдылықты көбірек насихаттап, әлеуметтік осал топтағы азаматтарды қоғамнан алшақтатпай, керісінше оларды өздеріне лайықты жұмыспен қамту арқылы жігерлендіріп жүрген жанның діттегеніне жетер күні алыс емес-ау. Лайым солай болғай!



БЖЗҚ-МЕН БІР КҮН

ҚАМСЫЗ КЕЛЕШЕККЕ БАҒДАРЛАЙТЫН ҚОР

Өмір бойы еңбек етіп, ақша тауып, қартайғанда сол бейнеттің зейнетін көру үшін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бәріміз де салымшы боламыз. Ал «БЖЗҚ» АҚ-ның Астана қаласы бойынша филиалының 2 бөлімшесі бар. Біз сол филиалдың біріне бас сұғып, операциялық бөлім жұмысымен танысып қайттық.

Райхан
РАХМЕТОВА

Елорданың оң жағалауындағы Талғат Бигелдинов көшесінде орналасқан бөлімшеде келімді-кетімді халықтың аяғы үзілмейді. Оның үстіне биыл 1 шілдеден бастап Әлеуметтік кодекс күшіне енгіліп келетіндер қатары екі есе көбейген екен. Аталған кодексте зейнетақы жүйесіне қатысты бірқатар өзгеріс қарастырылып, салымшылардың инвестициялық мүмкіндіктері кеңейтілген. Жалпы филиал бойынша күніне орташа есеппен 200-ге жуық адам келіп, Қордың қызметіне жүгінеді. «Қордың жүрегі» саналатын операциялық залға кіріп, біз де көппен бірге талон алдық. Сөйтіп, зейнетақы қорындағы қаржымыздың көлемін білуге бекіндік. Бөлімнің негізгі міндеті – жинақтаушы зейнетақы жүйесі аясында жеке және заңды тұлғаларға сапалы қызмет көрсету. Арнайы құрылғыдан кезек талонымды алған соң, көп уақыт өтпей мені №6 үстелге шақырды. Бөлім қызметкері Сауле Әмірқұлова дереу жеке куәлігімді сұрап, Қордағы зейнетақы шотымда мерзімінен бұрын алуға болатынын қанша қаржы бар екенін және оны қандай мақсатта жұмсап, қанша көлемде алуға болатынын айтып, тұшымды ақпараттар берді.

– Бұл ақпаратты сіз БЖЗҚ-ның


қосымшасын ұялы телефоныңызға жүктеп алу арқылы да кез келген уақытта біле аласыз. Оған жеке сәйкестендіру нөміріңіз бен электронды-цифрлық қолтаңбаңыз арқылы кіруге болады. Сол жерде ай сайынғы төлемдер, Қорға түсіп тұрған жарнаңыздың көлемі туралы да ақпараттарды табасыз. Дегенмен кейбір егде жастағылар бұл қосымшаны біле бермегендіктен немесе басқа да сұрақтар мазаласа, осында өздері келеді. Әрине, келетіндердің дені – зейнет жасындағылар, сонымен қатар, жұмыс істеп жүрген азаматтар да баршылық. Олар қазіргі кезде Қордағы ең төменгі жеткіліктілік шегінен артық ақшасын мерзімінен бұрын алу, оны

қандай мақсаттарға, қалай алуға болатыны туралы сұрақтармен келеді. Осы және өзге де мәселелер бойынша қызмет көрсету үшін біздің бөлім таңғы сағат 9:00-ден кешкі сағат 18:00-ге дейін үзіліссіз жұмыс істейді, – дейді бөлім маманы.

Бөлімшеде салымшыларға бірнеше бағытта қызмет ұсынылады. Бұл кейбір азаматтардың өтінімі бойынша олардың тұрғылықты жеріне жол тартатын барып қызмет көрсету тобы, жерлеу, мұрагерлік және мүгедектерге берілетін төлемдер жасау сияқты мәселелерді қамтиды. Бөлім қызметкерлері келушілерге зейнетақы калькуляторы, яғни «инфокиоск» құрылғысының да жұмысын көрсетіп отырады. Бұл

ретте тұрғындар жеке деректерін енгізу арқылы келешекте алатын зейнетақысының мөлшерін есептей алады. Мен де өзімнің 2044 жылы зейнетке шыққанда шамамен 400 мың теңгеге жуық зейнетақы алатынымды осы калькулятордың көмегімен анықтадым. Ол үшін, әрине, әлгіндей мөлшердегі зейнетақы алу үшін сол жасқа дейін бүгінгідей тұрақты жұмысымды жалғастыра беруім керек...

Қор, сонымен қатар, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім бойынша уәкілетті оператор болып саналады. Бұл құжат ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің азаматтарын



зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қатынастарды реттеуге бағытталған. ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет осы одаққа мүше басқа мемлекеттердің азаматтарына зейнетақымен қамсыздандыруға арналған құқықтарды өз азаматтарына берілетін құқықтар көлеміне тең көлемде ұсынылуына кепілдік беруі тиіс.

– Салымшылар бізге келіп, өздерін мазалайтын түрлі сұраққа жауап алады. Біріншіден, зейнет жасына жеткен азаматтар Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жинаған қаржылары туралы ақпарат алып, оның ай сайын қалай бөлінетінін біледі. Сонымен қатар I, II топтағы мүгедектігі мерзімсіз деп танылған адамдардан үйіне барып қызмет көрсетуге орай сұранымдар түседі. Сондай-ақ, жұртшылық біздің жүйенің электронды қызмет көрсету серверіне қосылу туралы кеңес алуға келеді. Бүгіндері электронды-цифрлық қолтаңбасы бар кез келген азаматтың Қор сайты арқылы жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініш беруге, жеке зейнетақы шотынан көшірме алуға, өзі туралы, яғни телефон нөмірі, мекенжайы ауысқан жағдайда өзгеріс енгізуге мүмкіндігі бар, – дейді операциялық бөлім бастығы Жанар Жұмасева.

Қордың ең маңызды қызметінің бірі – зейнетақы жүйесіндегі өзгерістерді дер кезінде халыққа жеткізу. Екінші қызмет түрі – өзгерген мекенжайларды, мерзімі өткен құжаттар мен телефон нөмірлерін енгізу. Сондай-ақ, қайтыс болған салымшыларды жерлеуге арналған біржолғы қаражатты алу мақсатында қажетті құжаттар мен мұрагерлікті рәсімдеуге байланысты тиісті құжаттарын қабылдау.

– Зейнетақы қорының қызметтері онлайн режимде де жүзеге асырылады. Электронды-цифрлық қолтаңба арқылы Қор сайтына кіріп, әр азамат өз зейнетақы шотындағы қаржыны көре алады. Бұл салымшылармыздың 24 сағат бойына ақпарат алуына мүмкіндік береді. Өз кезегінде олардан салымдарын тұрақты түрде бақылап отыруын сұраймыз. Салымның тұрақты болуына қарай еңбек өтілі қалыптасады. Базалық зейнетақы да, жалпы еңбек өтілі де соған байланысты болады, – дейді бөлім басшысы.

Қор өкілдерінің айтуынша, жарна аударудың үш жолы бар. Біріншісі, міндетті жарна, бұл ай сайынғы табыстың 10 пайызынан жиналады. Екіншісі, кәсіптік жарна, бұл зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтіндердің жұмыс берушілері аударатын жарна. Үшіншісі, ерікті жарна, оны қанша мөлшерде және қай уақытта аударуды салымшылар өз қалауымен анықтайды.

Жалпы Қор жұмысын жетілдіру барысында жаңашылықтың көп екеніне бұл жолы да күә болып қайттық. Қызметтердің басым бөлігі цифрлық жүйенің арқасында қашықтан көрсетіледі. Мұның бәрі әсіресе қартайған немесе мүгедек жаңдардың үйден шықпай-ақ, Қор қызметін пайдалануына мүмкіндік беріп отыр.



АЛАҚАЙ, АҚҚАЛПАҚ ҚАЙТА ОРАЛДЫ!

Ұлтты ұлт, атап айтқанда, қазақты қазақ қып небір қанқұйлы қиындықтардан, жаға-жеңін жыртыса да, ұрқын құртпай аман алып келе жатқан асыл қасиеттің бірі – салт-дәстүріміз десек еш артықтығы жоқ.

Шүкір, барған сайын салт-дәстүр жаңғыра жоғалғаны табылып, атажал даңғылданып келеді. Соның бірі – қазақы байырғы киім үлгілері. Жалпы киім үлгілері бір мақалаға жүк боларлық аз дүние емес, соның ішінде тілге тиек етеріміз ата-бабамыздан қалған аққалпақ жайлы болмақ.

Қазақ жұртында бас киімді жерге тастамайтын, аяққа баспайтын, кірлетпей таза ұстайтын, жыртылғанша алба-жұлба тоздырып кимейтін, өзі киіп жүргендерін албаты біреуге бермейтін... бас киімді ерекше қадірлейтін салт бар.

Адамның бас мүшесі – ең қымбатты мүше. Онда көру, есту мүшелері, иіс-дәм қатарлыларды сезу мүшелері мен қоректену мүшелері бар, одан да маңыздысы бүкіл іс-қимылға қолбасшылық ететін ми сақталған. Осы қасиеттерін орай ол дененің ең жоғарғы бөлшегіне орналасқан. Осы құндылықтарды сезе де, сене де білген ата-бабамыз бас сынды осы бір қасиетті мүшені қорғай жауып тұрған бас киімді қадірлеп, қашан да керегенің басына, адал бақанға іліп қоятын немесе жерге түспейтін биік орынға шығарып қоятын болған.

Заманның жаңалануы, дәуірдің өз-

геруі бірте-бірте шляпа, шапка қатарлы өзге жұрттың өзіңдік ерекшелігі сіңген «жаңаша» бас киім кидіруге, тіпті ата салтта жоқ жалаң бас жүруге еліктергені де, мәжбүрленгені де өтпек емес.

Бақытымызға орай, егемен ел болдық. Соның арқасында ата-бабаларымыз қалдырып кеткен тарихи жәдігерлерімізді бүгінгі ұрпақ жалғастырып жатыр. Солардың ішіндегі ең құнды бір түрі – кәдімгі қазақы «аққалпақ».

Аққалпақтың ерекше құндылығын ел іші қазыналы қарттарымыздың нар кеудесіне сақтаған пайымымен мына бірнеше жағынан көруге болады:

Бірінші, аққалпақ жай бас киімдерге қарағанда 20-25 см көлемінде биік болады, бұл ұлт рухының биік, еңселі болуын білдіреді.

Екінші, биік тұлғасы ақ киізден жасалады, бұл – халқымыздағы ақ ниет, пәк көңілдің белгісі.

Үшінші, етегі түкті қара матамен астарланып аударыла аумақтанып тұрады, бұл өзінің неше мыңжылдық атамекен – қарақонысының белгісі.

Төртінші, қалпақ төбесінде біршоқ қара шашақ болады, ол осы атамекен – қарақонысын қорғаған қара тамақ қайқы



кылышы мен ақ найзасының шашағы. Оған желбіреге ең биігінен орын беруінің мәні – отанын қорғау бәрінен де биік борышын екенін білдіргені.

Бесінші, аққалпақтың етегінен өрлейтін биіктігі шымқай қара матамен бұлықталған (шымшыған) төртқырлы болады, қалпақты төрт қабырғаға бөліп тұрған қалпақ қырына жіберген төрт қарасу (бұлық) төрт төңірегін мөлдір қара сулы қара өзен (қара сөзі қазақы ұғымда байырғы, мол, бай дегенді білдіреді) болсын деген халықтық ырымды білдіреді.

Алтыншы, қалпақтың төрт қабырғасында бір бөлек қара ою-өрнек болады, ол төрт төңірегі түгел оюдай ұйысқан қаранор халқы болсын дегенді білдіреді.

Жетінші, қалпақтың төрт қабырғалы тұтас өңіріне бейімделе, етегі өрге тарта аударылып, қалпақтың тұтас денесін өзінің дөңгелек әлеміне сыйдыра қоршап тұрады, бұл қасиетті қара қонысың (отаның) – қара орман халқына да, суына да, нуына да, туына да, киелі мекен болады дегенді білдіреді.

Оу, халқым,
Аққалпақта кие бар,

«Қазақ» деген ие бар.
Жатырқамда, жатсынба,
Мәнді, құнды дүние бар!

Қазақтың аққалпағын біреу қырғызға, біреу қызайға телиді. Қырғыз – жаратылысы қазаққа жақын бөлек ұлт. Аққалпақ оларда да бар, бірақ олардікі біздікінен өзгешерек. Ең басты айырмашылығы, ою-өрнегі, жалпы пішіні ұқсастау болғанмен, төрт қабырғасы да, етегі де ақ болады.

Қызай – қазақ орта жүзінің белді ұлыс-тайпасының бірі болған найман атаның садыр-матайынан тарайтын кіші рудың бірі. Аққалпақты оларға телудегі маңызды себеп, аққалпақ бүгінге дейін қытай елінің Іле қазақ облысына қоныстанған найманның қызай руы мен үйсіннің албан руында сақталған.

Алақай, жұртым, қазақтың аққалпағы өз ортасын тапты!

Мінеки, аққалпақ бүгінде «Елорда билер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің бас биі Әнуарбек Қайкешіевтің Ералының бастамасымен құрамында 50-60 білікті ақсақал жұмыс істейтін үлкен топтың атажал – салт-дәстүрінің жалауындай шашағын төбесіне желбіреге айбынын асыратын тұрақты бас киіміне айналды.

Уа, жұртым, киіңіздер, құнды сыр-сипатын біліңіздер, атажал – салт-дәстүрді сүйіңіздер!

Жұмасәріп ШӘАДАТҰЛЫ,
педагог-публицист

АБАЙДЫҢ АЙНАЛАСЫН ТҮГЕНДЕП БОЛДЫҚ ПА?

Ұлы ақынның орыс достары туралы тарихи деректер не дейді? Осы сауал кезінде Мұхтар Әуезовті де қатты мазалаған болса, қазіргі мұхтартанушыларды да солай мазалайтынын жасыра алмаймыз. Өйткені жазушының өз кезеңінде бұл тақырып көпті толғандырғанымен қол қысқа, жол жабық, мұрағаттар мығым, мүмкіндіктер мүшкіл болғаны мәлім. Ал қазір егемендігімізге ие болып, рухани кеңістігіміз кеңіп, әлемнің түрлі мұрағаттарында шаңы қағылмай іздері жоқ болып жатқан көне жәдігерлерімізге, беймәлім мұраларымызға, назардан қалыс қалған құнды құжаттарымызға қол жеткізуге құлшына кіріскен жанкешті мамандарымыздың саны көбейіп, сан ғасырлар бойы сырын бүккен архивтер ашылып көненің көзі қадеге аса бастағаны көңіл қуантады.

Руханиятымыздағы олқы түскен осы тұстарымыздың бірі әлгіңде Әуезов айтқан ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының қатпары қалың, құндылығы жоғары орыс достарына қатысты құжаттар, тарихи деректер көзі екені кәміл. Айталық, «Абай өмірбаянының үшінші нұсқасы (1944-1945)» деген еңбегінде: «...Бұл күнге шейін біз Абайдың достары болған орыс оқымыстыларының: Михаэлс, Долгополов, Гросстардың не хат, не күнделік, не мақала сияқты еңбектерінде Абайды сөз қылған бөлімдерін жинай алмадық» деп өкініш білдіру соның нақты дәлелі. Әрі осы мақаласында тек орыс достары ғана емес ақынның өмірінде, ел билеу қызметінде қоян-қолтық араласқан орыс патшалығының ресми өкілдері, олардың Абай жөніндегі түрлі мәселе кезіндегі кеңселік құжаттары, тіпті жеке жазбаларындағы ойлары мен пікірлерінің де абайтануда атқарар рөлі зор екендігін ескертуі де осы еңбегінде айтылған: «...Анығында, Абайдың өмірбаянын оқыған кісінің бәріне мәлім нәрсесі, оның патшалық ұлығымен, ұлықтар кеңселерімен аса көп рет кездесуі туралы болады. Крестьян начальнигі, ояз начальнигі, жандарал, округ соты, Омбыдағы корпус (генерал-губернатор) кеңселері барлығының архивтерінде Абай жөнінен көп жаңалық табуға болар еді.»

Қазақ әдебиеті тарихындағы абайтану саласының тұсауын кескен ғұлама ғалым, көрнекті зерттеуші Мұхтар Әуезовтің көкейіндегі арман бүгінгі күнде жүзеге асты ма деген сауал бізді де толғандырады. М.Әуезовтің көптен көксеген бір көкейкесті мәселесі, арман тұтқан мұраты – осы орыс достарының табылмай жүрген жәдігерлерінің бірін ұлы ұстаздың шәкірті, көрнекті әдебиет зерттеушісі Қайым Мұхамедхановтың анықтауы дер едік. Ол күнды мәлімет Н.Долгополов арқылы Абай өткізген музей коллекцияларының тізіміне тиісті документ болып табылады. Бұл факті жөнінде журналист, қаламгер Болат Жүнісбековтің «Абай мұрасының бас шырақшасы» деген мақаласында: «...1885 жылы Н.И.Долгополов арқылы Семейдегі өлкетану музейіне тапсырған заттар (жалпы саны – 17, олар – кебеже, саба, сүйретпе, жезмойнақты торсық, піспек, табақ, шыныаяққап, әшекейлі құтылар, бесік, ұршық, тоғыз құмалақ, қарау-жарақтар – айбалта, найза, шоқпар), ұста саймандары – (көрік, тас, қысқаш) музыка аспаптары – (қобыз, сыбызғы, асатаяқ, домбыра) болатын. Абай тапсырған заттардың ішінде қазақ ауылында сүттен даярланатын тағам түрлері, тіпті қара сабынға шейін болған. Бұлардың бәрі қазақ



халқының этнографиялық болмыс-бейнесін көрсетуді мақсат етіп, ғылыми тұрғыда жүйелі түрде жинақталған экспонаттар еді. Алайда Қайым Абай мен Долгополов тапсырған заттарды арнайы өлкетану музейінің экспозициясынан, қоймасынан іздегенде «ақын тапсырған заттардың 23-і ғана табылған, кейбірі күтімсіздіктен тозған» деп ренжіген (1963 ж. 8 қыркүйектегі «Ертіс» (қазіргі «Семей таңы») газетіндегі мақаласында). Қайымның тікелей араласуымен 1964 жылы Мәдениет министрлігінің арнайы бұйрығымен Абай тапсырған заттардың 17-сі ақынның музейіне берілді. Қазіргі күні бұл жәдігерлер Абай музейінің баға жетпес асылдары қатарында Семейдегі бас мұражай және Жидебайдағы ақынның мұражай-үйі экспозиция залдарында көрермендер көзайымына айналып отыр. Ал оның біреуін – Абайдың құтысын Астанадағы Ұлттық музейдің төрінен көре аласыздар» деп жан-жақты ақпарат берілген.

Соңғы жылдары айқалталған тағы бір тың тарихи мәлімет – Музей қорында бүгінгі күні Абайға, оның туыстарына, шәкірттері мен орыс достарына қатысты көптеген архивтік құжаттар сақталуы. Атап айтсақ, Мәскеу, Ленинград, Омбы, Том, Қазақ қалаларының және Қазақстанның мұрағаттарынан табылған Абайдың өмірі, атқарған қызметі, туыстық өнер айналасына қатысты

архив деректері; Абай оқыған медресенің араб, түрік, шағатай тілдеріндегі кітаптары (барлығы-252) қор каталог жасалып ақынға қатыстылары түгел жүйеленуі де қазақ руханиятына қосылған құнды жәдігер екендігі сөзсіз.

1886 жылы Е.П.Михаэлистің ұсынғы бойынша Абай Құнанбаев Семей облыстық статистика комитетінің мүшесі болғаны қазақ оқырмандарына жақсы таныс.

1902 жылы апрель айында статистика комитетінің негізінде әлдеқашан өлкелік ғылыми мекеме болып қалыптасқан орыс география қоғамы Батыс – Сібір бөлімшесінің Семей қосымша бөлімшесі құрылып, оның жұмысына Г.Н.Потанин, В.А.Обручев, П.П.Семенов-Тянь-Шанский т.б. сынды тарихи тұлғалар белсене қатысқан. А.П.Карпинский, С.Ф.Ольденбург, Ю.М.Шокальский, жергілікті оқымыстылардан Е.П.Михаэлис, Н.Я.Коншин, Б.Г.Герасимов және Абай Құнанбаев қоғамның құрметті мүшесі және оның академигі болғаны да бүгінде белгілі болып отырған тың мәліметтер.

Осында аты аталған Нифонт Иванович Долгополов Харьков университетінің медицина факультетінің 5-курснда «Народная воля» үйірмесінің белсенді мүшесі болып, айдалғанын, 1884-86 жылдары Абаймен жақсы қатынаста болғанын Семей облыстық басқарма-

сының қорындағы архивтік документтер дәлелдейді. Соның бірі 1885 жылдың жазында ауырып қалған Н.Долгополов Семей генерал-губернаторынан Абай ауылына барып, емделіп қайтуға рұқсат сұраған ресми құжаты. Онда: «Менің денсаулығым қатты бұзылды, безгек және өкпе ауруымен ауырамын, денсаулығымды түзету үшін қаладан жаз айларында далаға барып қымыз ішіп таза ауа жұтуым керек. Жоғары мәртебелі Сізден осыған байланысты Шыңғыс болысына – Өскенбаев Құнанбай ауылына баруыма 15 августқа дейін рұқсат беруіңізді сұраймын, 1885 жылғы 4 июнь Н.Долгополов» деп жазылған (11. ЦГА КазССР, ф.15, оп.2, д.88, л.69).

Ал оның жұбайы, Могилевтағы көпестің қызы Хася Шур болса, тергеу ісіндегі мәлімет бойынша, өте білімді, неміс, француз тілдерін еркін білген, шет мемлекеттерде (Берлинде, Лондонда, Швейцарияда) көп уақыт бойы тұрған, онда жаратылыстану ғылымын оқып-үйренумен айналысқан екен. Жоғарыда келтірілген тың тарихи деректерде Хася Шурға қатысты қаншама құнды деректер, эпистолярлық мұралар, т.б. табылғандығы да ұлы ақын өміріне қатысты жаңа деректер көзін дәйектері сөзсіз.

Ал заң ғылымының кандидаты, 1877 жылы Петербург университетінің бітірген Севирин Гросспен, осы университеттің студенті А.Блекпен, американ журналисті Джордж Кеннанмен Абайдың тығыз достық, шығармашылық қарым-қатынаста болуы да көп нәрседен хабар береді. (Д.Кеннан. Сибирь. т.1. СПб.,1906. стр.100-102).

Кезінде М.Әуезов «Абай өмірбаянының үшінші нұсқасы (1944-1945)» деген еңбегінде: «...Тек бір табылған аз сөз америка жазушысы Кеннанның «Сібір және айдау жазасы» деген кітабында Абай жайында айтылған бір дерек.» деп ерекше атап көрсетуі бұл саланың түпкілікті зерттелмей олқы соғып тұрғанын сездіртуі еді (12. 210 б). Кейін бұл деректер жазушының рухани ізденушісі, қызы Ләйлә Әуезованың «М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» атты зерттеуінде де кеңінен талданып, бірнеше ғылыми деректермен дәлелденгені де мәлім.

Абайдың шығармашылық өмірі халықтың ұлы жаңғыру, рухани өрлеу кезеңі ретінде келешекте де талай ғылыми ізденістердің өзегі болары сөзсіз.

Гүлзия ПІРӘЛІ,
филология ғылымдарының докторы,
Шолпан ӘМІРБАЕВА,
филология ғылымдарының магистрі

Биылғы Абай өмірінде айшықты орын алатын даталарға тоқталсақ, 1903 жылдың қыркүйек айында Семей облысының әскери губернаторы, генерал-майор Галкин «Секретно» деп Абай Құнанбайұлының өмір деректері мен қоғамдық қызметін көрсеткен хабарламаны Омбыдағы Дала генерал губернаторына жолдаған. Ерекше көңіл бөліп, кейінгі зерттеушілердің есіне салып өтер бір жай – 1903 жылдың қыс айынан басталған ақынның үйіне жүргізілген тінту.

БІР ШУМАҚТЫҢ АСТАРЫНДА НЕ ЖАТЫР?

1903 жылы атақты ғалым Семенов-Тяньшанскийдің редакциясымен шыққан «Біздің Отанымыздың толық жағрафиялық баяны» деген орыс тіліндегі кітапта Абайдың аты жаңа әдебиеттің бастаушысы деп ерекше аталды. Бұл оқиғаларға биыл 120 жыл толып отыр. Өмірінің соңғы жылдардағы қайғылы оқиғалардан соң Абай көп өлең жазбады. 1890-жылдардың басынан тек қара сөздер жазғандығын ақынның 1903 жылы жазған жалғыз «Жалын мен оттан жаралған» өлеңі. 1882-1903 жылдар аралығында Абай «Масұт» поэмасын жазды деген дерек бар болғанымен, дастандардың жазылған уақыты белгісіз.

Абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедханов Абайдың ел ішінде жарияланбаған сегіз өлеңін енгізген болатын. Солардың ішінде төрт жолдан тұратын Көкбайға арналған өлеңі кең тарай алмады. Ол:

Тағат деген не тағат
Хақ жолында,
Мәһам жандар
ізденіп жүр соңында.
Хақтың жолын
танымай қалған қағып,
К-т жуғанға мөз болған
байғұс молда.

Шумақ шымыр, айтар ойы айқын. Абай сынына лайық. Осы өлең Абайдың 1995 жылғы толық жинағында енгізілген. Алғаш тауып жариялаған – Қайым Мұхамедханов. Бірақ, бұл өлеңді Абай шығармалары ішінен емес, қосымша түсініктемесімен табасыз.

Төрт жол өлеңді бүгінгі күнге Мұстафа деген ақсақал жеткізгені жайлы мәлімет аталған жинақта қосымша берілген. Онда Мұстафаның айтуы бойынша: «Семей қаласында тұратын Жақия қажының үйіне қонаққа барсақ, Абай мен Көкбай бар, ұй толған қонақ екен. Мәжіліс ұзаққа созылды. Әңгімесі көбінесе Абай айтады. Намаз оқитын уақыт болған кезде Көкбай мәжілісті тастап, дәрет алып келіп, намазын оқиды. Абай әңгімесін айтып отыра береді, Көкбай тағы бір кезде дәрет алып келіп еді, Абай әңгімесін тоқтата салып, Көкбайға қарады да, қолма-қол бір ауыз әзіл өлең айтып жіберді. Отырған қонақтар ду күлді» дейді.

Жалғыз ауыз туынды Абайдың Көкбайға шығарған сүйріп салма (экспромт) әзіл өлеңі қазір де өзекті. Дін жолын толық меңгеріп алмай әйтеуір жұртпен бірге бос әуреге түсіп, әрекет етіп жүргендер көп. Әйтпесе, мешіт көп, неге адамдарда иман, мейірім жок? Діннің негізгі шарттары мен имандылықты бойларына сіндіре алмағандық – «дүмше молдалық». Өлең ойшылдың хақ жолы, дін, иман мәселелерін төрт жолға ғана сыйғызумен құнды.

«Абай жолы» романындағы «Жұтта» тарауында осы өлеңге сәйкес келетін оқиға баяндалады. Бұл оқиғаның ішінде Көкбай да бар. Оқиға былай өрбиді:

«Жасы қырыққа тақап қалған Көкбай бұрын бір кезде ақын, әнші Көкбай болушы еді. Қазір «молда Көкбай, халфе Көкбай» деген атына өңі, реңі де мүлде үйлесіп алыпты.

Абаймен амандасу үстінде Көкбай «хайыр дұғанызда, Аллаға шүкір» деген сияқты сөздер айтып амандасқан. Мұның мынадай сары аяз, сақылдаған қыс күндерінде елтірі ішік, бояулы тон, күпі, қаптал шапан, саптаман тастағаны қызық. Қаланың, әсіресе мешіттің нағыз нағыз қиманы ауысып алған. Абай бұл жайды өзгеше түсінді. «Көкбай мүлде іші-тысымен-ақ құдай жолына кеткенсіп алған екен» деп ойлады.

Жай сұрасып болған соң, Абай Әлпейім шәкіртке бұрыла қарады да:

– Ал, Әлпейім, айтшы, сен бұл күнде не оқып жүрсің? – деді.
– Науху оқып жүрмін, Абай мырза! – деп, Әлпейім «не дер екен» дегендей жылытыраған көзін Абайға қадап, күлімсірей қалды.

– Е, жынды болуға аз-ақ қалған екенсің! Арабтың өзінің мақалы бар: «Фихқаны көп оқыған ақылды болады, наухуы көп оқыған ақымақ болады» деген» – деп, осы сөздерді Абай арабша да судыратып айтып шықты.

Күле түсіп:
– Сөйтсіп, жаңағын айтқан мен емес, оқып жүрген арабыңның өзінің ғұламалары! – деп біраз отырды да:

– Әлпейім-ай, өкең Мұқыр – Тақырдың бойына ең алғаш егін екен, ақыл тапқан қазақ еді. Саған да қызығы сол еліңе барып, еңбек сауған ғой. Көкшенің сен сияқты бір топ жасын осы бер жақ, ар жақтың мешіт, медресесіне шұбыртып жүрген мынау Көкбай ғой! Бұған ере беріп те қайтесіңдер. Жеке-дара бір жақсылықты осының өзіне ғана тұтасымен қып берсеңдер етті! – деді. Бір заманда өзіне жас жолдас еткен Көкбайдан қазір түйіліп қалған көңіл танытты.

Көкбай әдеттегі ауызбақыш, қабақ танығыш қалпымен Абайдың жаңағы сөзін көтерген кісі болды. Шыдаған болып, сыр білдірмей, үндемей тындады. Ішінен ойлағаны: «бірдеңе десем ғой, тағы бір кетпес танбадай өткір сөз, ашы мысқылын атып жібереді. Одан да осы Абай пәлестінен бұл тұста үндемей құтылайы!» деп отыр».

Бүгінгі таңда иман мен сабыр, дін мен діл, құран сүрелерін айыру мәселесі алдыңғы орында тұр.

Абайдың бұл өлеңін қазіргі мешіт имамдары назарына алып, көңіл бөлсе, жақсы мен жаманды айырмай жүрген біраз пендешілікке себі тиер еді.

Бұл өлеңді «Түсініктер» бөлімінен алып, Көкбайға арналған Абай өлеңдерінің қатарына қосқан дұрыс деп санаймын.

Алмахан
МҰХАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ,
абайтанушы

АКАДЕМИКТИҢ АЛТЫ ҚЫРЫ

Ғұлама ғалым әл-Фараби бабамыз: «Ғылымның сарайына кіретін адамның ары таза, жан-иманы кәміл, пейілі тура болуы керек. Ондай бола алмайтын адамдар өзін де, өзгені де былғамай, ғылымнан аулақ жүруі керек» деген екен. Осы сөздер көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, академик Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловқа айтылғандай көрінеді. Академиктің қаламынан жарық көрген 500-ден астам ғылыми мақала, монография мен оқулықтар ғалымның абыройын арттырып, ғылыми ортадағы бедел биігін байқатса керек. Айтуға оңай болғанымен, осынау құрметке бөлену қажырлы еңбектің, тынымсыз тірліктің, зерделі зерттеулердің, шығармашылықты шыңдалудың нәтижесінде қол жеткізілетіні көзі қарақты оқырманға түсінікті болса керек. Ендеше, ғылым мен биліктің тізгінін тең ұстап, биіктерді бағындырып отырған академиктің алты қыры туралы сөз еткенді жөн көрдік.

Біріншіден, Бақытжан Тұрсынұлы жайлы сөз еткенде оның жастардың жігерлі жетекші болғанынан бастағанымыз орынды сияқты. Мектепті бігіре сала ауылда қалып, ұстаздық етіп, әскер қатарына алынып, азаматтық борышын атқару барысында жинаған тәжірибесі бүгінгі еліміздегі жетекші жоғары оқу орны – әл-Фараби атындағы ұлттық университеттің студенті атанғанда қоғамдық жұмыстармен белсенді атсалысуға даңғыл жол ашты десек, қателеспейміз. Мектептегі алғашқы ұстаздық қызметінде оқушылармен тіл табысып жұмыс істеуге дағдыланған, әскери қызметте сарбаздарды тәртіпке баулуға машықтанған белсенді студенттің аз уақытта жастардың жігерлі жетекшісіне айналуының да өзіндік мәні зор еді. Қайнаған студенттік өмірге белсене араласып, жатақханадағы студенттер кеңесінің, сондай-ақ студенттер құрылыс отрядына жетекшілік еткен Бақытжан Тұрсынұлына үлкен сенім артылып, университеттің комсомол комитетін басқару тапсырылады. Аз уақыттың ішінде жастар ұйымының бастамашыл басшысы сан түрлі іс-шаралар өткізіп, өзінің ұтқыр ұйымдастырушы, жігерлі жетекші, білікті басшы қасиеттерімен танылып үлгерді. Талантты тұлғаның қарым-қабілетін бағалаған басшылық, енді оған партия ұйымын басқаруды сеніп тапсырады. «Мен жастарға сенемін» деп Мағжан ақын айтқандай, сенім жүгін арқалаған Бақытжан Тұрсынұлының билік баспадағы жастар ұйымынан басталғанын бірінші қыры деуге әбден болады.

Екіншіден, «Бір адамның болашағы бір адамға байланысты» дегендей, Бақытжан Тұрсынұлының бітім-болмысын, қайраткерлік қасиетін, қарым-қабілетін жастайынан таныған тұғырлы тұлға, мемлекет және қоғам қайраткері, академик Өмірбек Жолдасбековтың еңбегін ерекше айтуға тиіспіз. Ұстаздың ұлағаты, тағлымды тәрбиесі – ғылым шыңын бағындырған шәкірт үшін үлкен мәртебе екенін айтқанымыз артық болмас. Ұстаз туралы айтылып қалған соң, бір нәрсені айта кеткенді жөн көріп отырмын. Белгілі түрколог-ғалым, академик Шора Сарыбаевтың 90-жылдық мерейтойында: «Менде атақ-дәреже жетеді, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегерімін, жерлестерім «Құрметті азамат» атағын да берген, бірақ осы атақтармен салыстыруға-салғастыруға, теңдестіруге-шендестіруге келмейтін, бәрінен биік тұратын атақ бар ол – академик Шора Сарыбаевтың шәкірті» деген едім. Сол сияқты, Бақытжан Тұрсынұлының да академик Өмірбек Жолдасбековтың шәкірті деген атағы бәрінен



биік тұратыны күмән тудырмасы анық. Ел ғылымын дамытудағы ерен еңбегі, ұстаз аманатына деген адалдығы арқасында биік белестерді бағындырып үлгергендігі айтқанымызға дәлел болары анық.

Үшіншіден, Қазақстандағы белді жоғары оқу орны – әл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің танымал түлегі екендігі. Өзі түлеп ұшқан университетте комсомол, партия ұйымдары қызметтерінің көрігін қыздырған Бақытжан Тұрсынұлы проректорлық қызметке көтерілгенін көпшілік жақсы біледі. Ұстазы, университет ректоры Ө.Жолдасбековтың басшылығымен университет қалашығының бой көтеруіне бел шешіп кіріскенін көзі көргендері зор мақтанышпен еске алады. Басқарушылық пен ғылымды ұштастыра білген, білікті басшы, зерделі зерттеулердің нәтижесінде ғылым кандидаты, доктор дәрежелеріне қол жеткізді. Жастар ұйымының жетекшісінен университеттің ректоры деңгейіне жеткені, жүріп өткен жолы, кім-кімге де болса, үлгі-өнеге екені анық. Түлеп ұшқан университетіне басшылыққа келе салысымен халықаралық білім-ғылым кеңестігіне кіріктіру (интеграция) ісіне белсене кіріскенін әріптестері әлі де аңыз қылып айтып жүр. Әлемдік білім трендтерін терең меңгерген менеджер аз уақыттың ішінде жоғары оқу орнын дүниежүзілік рейтингке енгізгені ел есінде. Өзі жап-жас проректор кезінде алғашқы университет қалашығының кірпішін ұстазымен бірге қалаған болса, өзі ректор болып келген кезде студенттік қалашықтың екінші кезеңін қолға алып, университеттің

ғылымға көрсетілген зор құрмет деп қабылдағанымыз жөн.

Бесіншіден, Бақытжан Тұрсынұлы – мемлекет қайраткері. Билік баспадақтарымен сатылап өсіп, Үкімет мүшесі ретінде, Білім және ғылым министрлігінің тізгінін ұстады. Бұл қызметке дейін Президент Әкімшілігінің ішкі саясат бөліміне жетекшілік етіп, Үкіметтік білім-ғылым, мәдениет саласына жауапты әлеуметтік және мәдени даму бөлімін басқарды. Ұлт руханиятына тамырын терең жіберген тұғырлы тұлғаның жоғарыда көрсетілген салалардың сапалық деңгейін көтерудегі еңбегі еленіп, Мемлекет басшысының шешімімен бірнеше мемлекеттік наградалармен марапатталғаны ел басшылығының академиктің еңбегіне берген жоғары бағасы деп бағамдауға әбден болады. Реті келгенде айта кетейік, Бақытжан Тұрсынұлы жоғары лауазымды қызметтер атқарған кезде жастарға деген қамқорлығын, жанашырлығын танытып, әлеуметтік саланы жас кадрлармен толықтыру ісіне қолдаумен Білім және ғылым министрлігі Департамент басшыларының бірі болып тағайындалған едік...

Алтыншыдан, Бақытжан Тұрсынұлы – сұңғыла саясаткер. Еліміздегі билік партиясы – бұрынғы «Нұр Отан», қазіргі «Аманат» партиясы басшыларының бірі ретінде Қазақстанның саяси өміріне белсене араласып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің артуына сіңірген еңбегі ерекше. Партияластарын бағдарламалық жоспарларды жүзеге асыруға жұмылдыруда, олармен ашық әңгіме жүргізіп, азаматтық қоғам қалыптастыру ісіндегі белсенділігі оны бедел биігіне көтерді. Нәтижесінде, халық қалаулысы атанып, Парламент Мәжілісіне депутат болып сайланды. Әріптестерінің сеніміне ие болған Бақытжан Тұрсынұлы Палата Төрағасының орынбасарына көтерілді. Сондай-ақ сарабдал саясаткер ретінде Мемлекет басшысының Жарлығымен Парламент Сенатының депутаты атанды. Білім және ғылым саласының өз өкілі ретінде, депутаттық қызметте жүрген кезде осы сала бойынша тиісті заңдарға толықтырулар мен өзгертулер енгізуге, нормативті – заң актілерін қабылдауға бастамашылдық еткенін екпіл түсіріп айтқанымыз абзал. Қазіргі кезде Астананың ұлттық рухани өміріне үлкен үлесін қосып, ғылыми жұртшылықты Әділетті Қазақстан құру жолында игі істерге жұмылдыруда өзіндік бай тәжірибесімен бөлісіп жүргені көңіл қуантады.

Иә, сан қырлы академиктің өзіміз білетін алты қырын ғана қысқаша сөз еттік. Толығынан толғансақ, бір қырының өзі бір кітапқа жүк болары анық. Бүгінгі күні жеті қырдан асып, 70 жастың төріне көтерілген академиктің ғибратты ғұмыры – Жаңа Қазақстанның жаңа тұрпатты жастарына үлгі-өнеге болары сөзсіз.

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Қазақстан Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы директорлар кеңесінің мүшесі, академик



КОЛЛЕДЖДЕРГЕ СҰРАНЫС КӨП

Негізінде, оқимын, жақсы маман боламын деген жас жоғары оқу орнына ғана ұмтыла бермей, қаламыздағы кәсіптік білім беретін колледждерді таңдаса да қателеспейді. Оны бітіргесін талаптанса, тағы жоғары оқу орнына құжат тапсыруына болады.

Кәсіпкерлер палатасы жүргізетін жыл сайынғы сауалнама қорытындысы бойынша Астанада орта кәсіптік білімі бар мамандарға деген сұраныс алдағы үш жылда (13 мың бос орын) жоғары оқу орындарының түлектеріне деген сұраныстан екі еседен астам артты.

Елордадағы 3500 кәсіпорын 2023-2025 жылдарға 21797 маман қажет екені туралы мәлімдеді. Сауда және тамақтану қызметтері, құрылыс, білім беру, өңдеу, денсаулық сақтау, ақпарат және байланыс, көлік және қоймалау, мемлекеттік басқару және қорғаныс, өнер, ойын-сауық және демалыс, қаржы және сақтандыру, электр және энергиямен жабдықтау, ауыл шаруашылығы, тау-кен

өндірісі, сумен жабдықтау салаларындағы компаниялар мен мекемелерге жаңа қызметкерлер қажет.

Былтырғы жылы ең көп сұранысқа ие мамандықтардың қатарына сатушы (1391 бос жұмыс орны), маркетолог (885), бухгалтер (791) және бухгалтер-кассир (662) кірді. Астанада сауда қызметіне – 1775, қонақүй мен қоғамдық тамақтандыру секторына – 601, құрылысқа – 597, білім беруіне – 577, өңдеу өнеркәсібіне 516 адам жетіспейді.

Былтыр Президенттің тапсырмасымен гранттардың жалпы саны 5 мыңға артты. Яғни алдыңғы жылы білім беру грантының саны 51 мың болса, былтыр 56 мыңға дейін артты.

600 БАЛА ӨҢІРЛЕРГЕ САЯХАТТАДЫ

«Өз өңірімді өркендеткім келеді» атты шығармашылық байқауының жеңімпаздары «Туған елге саяхат» туристік пойызымен 15 мың шақырым жол жүріп, Байқоңыр, Бурабай, Түркістан, Алматы, Алакөл, Астана және Ақтау қаласының негізгі ерекшеліктерін бағамдады.

Саяхатқа Астана және Ақмола (78), Алматы (71), Шымкент (81) және Маңғыстау (50), Солтүстік Қазақстан (10), Қостанай (32), Павлодар (34), Қарағанды (18), Ұлытау (12), Абай (10), Шығыс Қазақстан (21), Жетісу (13), Жамбыл (23), Қызылорда (57), Атырау (43), Батыс Қазақстан (10) және Ақтөбе (37) облысынан шығармашылық байқауда жеңімпаз болғандар қатысты.

Туристік пойыздың әр үш кезеңінде 18 маман (педагог, психолог, аниматор, медбике) жұмыс істеді. Жоба «Самұрық-қазына» АҚ компаниялар тобы атынан қайырымдылықтың бірінші операторы «Samruk-Kazyna Trust» қорының қаржыландыруымен жүзеге асты. Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бас директоры Әлфия Әдиева тағлымды шара

дәстүрге айналатынын айтты.

– Біз жолда да, барлық аялдаған қалаларда уақытты өте жақсы өткіздік. Пойыздағы үйірмелерде күн сайын жаңа нәрсе біліп, тәлімгерлермен ойын ойнадық. Оған қоса ағылшын тілін меңгеріп, домбыра тарттық. Ал өңірлерде бізді қызықты саяхаттар мен ойын-сауықтар күтіп тұрды. Бұл менің өмірімдегі ең жақсы демалыс саяхаты болды, – деді дарынды жас Оразхан Мұратбек.

Туристік пойыздың әр үш кезеңінде 18 маман (педагог, психолог, аниматор, медбике) жұмыс істеді. Жоба «Самұрық-қазына» АҚ компаниялар тобы атынан қайырымдылықтың бірінші операторы «Samruk-Kazyna Trust» қорының қаржыландыруымен және Әлеуметтік жобалар қорының ұйымдастыруымен жүзеге асты.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

ҚАЙ МАМАНДЫҚ СҰРАНЫСҚА ИЕ?

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес халықтың қоныстанған батыс және жаңадан құрылған өңірлердің жастары үшін гранттар бөлінді. Педагогикалық, инженерлік, IT мамандықтарға және жаратылыстану ғылымдары бойынша Атырау облысына – 1500, Маңғыстау облысына – 1500, Ұлытау облысына – 300, Жетісу облысына – 300, Абай облысына – 500, Шымкент қаласына – 400, Түркістан облысына 500 грант берілді.

Бір гранттық орынға ең үлкен конкурс «Стоматология» мамандығы бойынша болды. Бұл мамандық бойынша 22 талапкер бір орынға таласты. Өрі қарай «Халықаралық қатынастар және дипломатия» (14 адам), «Құқық» (11 адам), «Музыка мұғалімдерін даярлау», «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» және «Психология» (10 адам) мамандығы.

Грантка үміткерлер арасында балдар теңдігі жағдайында басым құқыққа ие болатын 20 мыңға жуық талапкер, олардың ішінде «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары, оқу үздіктері бар. Сондай-ақ гранттарды үйлестіру барысында әлеуметтік осал санаттағы балалардың квоталары ескерілді.

Жоғары оқу орындарына құжаттарды тапсыру 25 тамызға дейін жүзеге асырылады.

Парламент Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағамбетов «Грантты жеңіп алмағандарға не істеуге болады?» деген сауалға былай деп жауап берді.

ГРАНТ КІМДЕРГЕ БҰЙЫРДЫ?



Қазір оқимын деген балаға мүмкіндік мол. Үлкен өмірге қадам басқан жастарды маңызды сынақ – ұлттық бірыңғай тестілеу күтетіні белгілі. Бір жақсысы – биыл да талапкерлер ҰБТ-ны екі рет тапсыра алады. Жуырда мемлекеттік білім грант иегерлерінің тізімі жарияланды. Биыл ҰБТ-да 135 мыңға жуық талапкер шекті балл жинады. Үстіміздегі жылы үздік нәтижесі бар сертификатты мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау конкурсына ұсыну мүмкіндігі берілді.

Бастысы, әлі де грантты жеңіп алуға мүмкіндік бар. Қалайша?

Біріншіден, игерілмеген бірнеше мың грант қайтадан үйлестіріледі. Яғни грант алған талапкерлерден кейін тұрған талапкерлерге ҰБТ-да жинаған ұпай санына сәйкес беріледі. Соны күтуге болады.

Екіншіден, әкімдіктердің гранты бар. Бірнеше мың грант жергілікті бюджеттен бөлінеді.

Үшіншіден, «Қазақстан халқына» қорының гранты тағы бар.

Төртіншіден, кейбір талапкер түрлі себеп бойынша жеңіп алған грантынан бас тартады. Олардың саны да аз болмайды. Ол гранттар да қайта тағайындалады.

Бесіншіден, тіпті ештеңе

болмаса, университетке ақылы түрде түсіп, кейін жақсы оқып, GRA жоғары болса, білім алу кезінде босаған бос грантты ұтып алуға болады.

Алтыншыдан, «gar year» арқылы бір жыл дайындалып, қайтадан ҰБТ-да тапсырып, грантты жеңіп алуға болады. Ол – менің өз басымнан өткен оқиға. Бұл да жақсы шешім.

Жетіншіден, колледжге түсуге болады. Колледжде грант көп, қажетті мамандықтар бойынша колледж бітіргендер нарықта тапшы. Керек болса, кейін әрі қарай ЖОО-ға түсіп, қысқа мерзімде жоғары білім алып шығуға да болады.

ҰБТ-дан СОҢ...

Ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесі шыққаннан кейін

пікір екіге жарылды: бірі грант көлемінің көбейгеніне қуанса, бірі оқу сапасына алаңдайтынның жеткізді. Оқып көрелік.

– Жалпы бөлінген білім грантының саны – 73 мың, оған конкурста 94 мың оқушы таласады (1 орынға – 1,5 адамнан). Бәсеке мүлдем жоқ деуге болады. Менің ойымша, ел Президентіне дұрыс ұсыныс берілмейді немесе оған жалған ақпарат беріледі. Осындай қате ұсыныстың салдарынан жақсы оқитын оқушы да, үлгерімі нашарлар да білім грантына ие болады. Ал бүкіл жоғары оқу орындары – университеттер түсініксіз жағдайда қалады, – деп алаңдайды Ерболат Мұхамеджан өзінің Facebook парақшасындағы жазбасында.

– Мемлекет төлейтін грант құны нарықтық бағадан бірне-

БӨЛІНГЕН БІЛІМ ГРАНТЫНЫҢ САНЫ – 73 МЫҢ, ОҒАН КОНКУРСТА 94 МЫҢ ОҚУШЫ ТАЛАСАДЫ (1 ОРЫНҒА – 1,5 АДАМНАН). БӘСЕКЕ МҮЛДЕМ ЖОҚ ДЕУГЕ БОЛАДЫ!

P.S: *Министрліктің мәлімдеуінше, университеттерге түсуге және өмірдегі жаңа кезеңнің басталуына дайындалатын соңғы сынып оқушылары үшін ыңғайлы жағдай биыл да жасалады. Былтырдан бері ҰБТ-ға қатысты бірнеше артықшылық енгізілді. Яғни бұл – тестілеуді 4 рет тапсыруға және грантка түсуге 2 мүмкіндік. Қалғаны талапкердің ұмтылысына байланысты.*

ше есе төмен және нарықтық жағдайды әділетсіз реттейді, – дейді ол.

ЖЕЛІДЕ ХАЛЫҚ НЕ ДЕЙДІ?

– Грант санының көптігі сапаны төмендетуде. Кей мамандықтардың гранты жабылмай қалып, жарты жылдан соң қайта бөлікке түсіп, сапырылып жатқаны. Грант құны төмен. Кемінде бакалавриат 2 млн, магистратура 3 млн, докторантура 4 млн болуы керек. Университеттер сонда ғана еңсесін көтереді, – дейді Бауыржан Ердмбеков.

– Соңғы жылдары грантты тым көбейтіп жіберді. Колледжге бөлінген грант одан көп. Жылда игерілмейтін қаншама грант қалады. Бірақ сонда да бөле береді, – дейді Аятжан Ахметбеков.

– Мектепте де білім жоқ. 50 балмен түсіп кетуге болатынын біледі ғой, сосын оқымайды. Бұрын біз оқыған кезде 28 баланың 8-і ғана грантка түскен (кәдірлі болатын). Енді қазір бәрі қуанып жатыр ғой, бірақ кейін аз балмен түскендер жұмыс істегенде қызықтың көкесі сонда болады. Қандай балл – сондай маман! Сапа мәселесі ғой, – дейді Шырын Қауанова.

– Айтқаныңыз орынды. Мен Абай атындағы ҚазҰПУ тапсырғанда, 50 орынға 700-дің үстінде құжат тіркелген еді. Бұл – 1990-91 жылдар. Тест жоқ, ауызша тапсыратын едік.

БАЛА ЕҢБЕГІ БАҚЫЛАНСЫН

Жазғы демалысқа шыққан мектеп оқушылары мен студенттердің көше кезіп, жеткізуші болып жүргенін, гүл, неше түрлі тәттілерді сататынын, мейрамханаларда, тіпті құрылыста еңбек ететінін жиі көруге болады. Бос уақыт көп болған соң, аз да болсын өз нәпақасын тапқысы келетін жасөспірімдер елордада көп. Сөзсіз, жастайынан оларды еңбекке баулыған дұрыс. Десе де еңбектің дәмін ерте тартқан балалардың құқығы қорғала ма? Белі бекіп, бұғанасы қатпаған оларды ата-анасы қара жұмысқа неге жібереді? Біріккен Ұлттар Ұйымы балалар қорының мәліметінше, әлемде 160 миллионнан аса жеткіншек жастайынан жұмысқа жегілген.

болошақ мамандығы мен жолын ертерек таңдайды әрі еңбек өтілін жастайынан бастайды, – деді сатушы.

Үш баланың әкесі Мұрат Есбол балаларын жұмысқа жетуге қарсы, тек есейгеннен кейін ғана еңбекке араласқан дұрыс деп санайды. Психолог Алмагүл Алдабергенова да ерте бастан ақшаға құнығу ала психикасына кері әсер етіп, оларды балалық шағынан айырады деген пікірде.

«Жасынан ақшаға құныққан бала барлық шаруаны тек ақша үшін істейтін болады. Қайта білім алып, ойын ойнап, балалықтың дәмін сезінуі қажет. Жақсы ісі үшін балаға ақша беріп ынталандыратын ата-аналар бар. Бұл дұрыс емес. Бала кейін қандай да бір істі тек ақша табамын деп жасайды. Оның салдары ауыр» дейді маман.

ЖАСӨСПІРІМНІҢ ҚҰҚЫҒЫ ТАПТАЛМАСЫН

Қазақстанда еңбек етіп жүрген бала санына қатысты нақты деректерді табу мүмкін болмады. Бірде-бір мемлекеттік мекеме бұл мәселе бойынша статистика жүргізбейтін болып шықты. Тек Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша елімізде көбінесе 15 пен 17 жас аралығындағы жасөспірімдер жұмыс істейді. Олар дәмханаларда даяшы болып, сауда орталықтарында қағаз таратумен, енді бірі жанармай құю стансаларында, қала көшелерінде көлік фараларын сүртіп, оны жуумен айналы-

сады. Амалсыздан жең түріп, жұмысқа жегілген балалардың құқығы көп жағдайда шеттетіліп жатады. Бала еңбегін пайдаланатын кейбір жұмыс берушілердің оларға аз жалақы төлеп, жұмысты асыра орындатқызып қоятын жағдайлары жоқ емес. Себебі басым бөлігі өз құқығын білмейді. Еңбек шартына отырмағандықтан, жасөспірімдер арасында айлығын ала алмау жағдайлары жиі кездеседі. Өрі жұмыс сағатының ұзақтығы да ескеріле бермейді. Оған жұмысшы балалардың өзі мүдделі келеді, өйткені жұмыс уақыты ұзарған сайын жалақы да көп болады.

Бас қала бойынша айтсақ, елордада жыл басынан бері кәмелетке толмағандарды еңбекке заңсыз тартудың 5 дерегі тіркелді. Бұл туралы Астана қаласы Полиция департаменті ювеналды полиция бөлімінің бастығы Нәзля Дошанова айтып берді.

«Қалада кәмелетке толмағандардың жұмысына қатысты заң талаптарының сақталмауы тыйымды түр. Биыл да 18 жасқа жетпеген балалардың еңбекке заңсыз тартылғаны бойынша деректер анықталды. Олар: құрылыста, көлік жуу орнында, қала сыртында – 1 факті және базарда – 2 факті. Анықталған деректер бойынша жұмыс берушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылады, – деді заңгер.

Балалар құқығы мен отбасылық мәселелер бойынша кеңес беретін заңгер Қарлығаш Сахипова 16 жасқа толған азаматпен еңбек шартын жасауға болатынын айтады.

«Еңбек кодексінің 69-бабына

сәйкес, он төрт жастан он алты жасқа дейінгі жұмыскерлер үшін – аптасына 24 сағаттан аспайтын, он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі жұмыскерлер үшін – аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді. Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлер үстеме жұмысқа жіберілмейді. Сонымен қатар, ойын бизнесі, түнгі ойын-сауық орындарындағы жұмыс (22.00-ден 06.00-ге дейін), алкоголь өнімдері, темекі бұйымдары, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіру, тасымалдау мен сатуға он сегіз жасқа толмаған азаматтармен еңбек шартын жасауға жол берілмейді. Кәмелет жасына толмағандарға оқудан бос уақытында еңбек шарты жасалған жағдайда денсаулыққа зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмыстарды орындауға рұқсат етіледі. Жұмыс беруші қауіпсіздік ережелерін сақтауға, кәмелетке толмағандарға еңбек жағдайын жасауға, мерзімдерді бұзбауға және еңбек шартын жасауға міндетті. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзғаны, оның ішінде балалар еңбегін пайдаланғаны үшін жұмыс берушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылады, – деді заңгер.

Жаз айларында бала әліне қарай жұмыс істеп, еңбектің дәмін татса, әрине, өмірлік тәжірибе жинап, шыңдалады. Бірақ жас ерекшелігін ескермей, жыл – он екі ай жұмысқа салынатын жеткіншектерді қайтеміз? Бес жастан кейін құлша жұмсауды төтесінен түсініп, асыра сілтейтін ата-аналарды қалай қыламыз? Мәселе осында.

Индира БЕРЖАНОВА

ЕҢБЕКПЕН ЕРТЕ ЕСЕЙДІ

Бас қаланың Түркістан көшесі бойында түрлі түсті шарлар сатып тұрған баланы кездестірген едік. Есімі – Еркебұлан. Небәрі 12 жастағы оқушы футболист болуды армандайды екен. Гүл төрізді шарларды өзі орап, 500 теңгеден сатып жүр. Ал тапқан қаржысына спорттық аяқ киім аламын дейді.

Қалада велосипед теуіп не жаяу жүріп, көк, кейде сары сөмкені аркалап жүргендерді жиі байқауға болады. Дені – ер балалар. Солардың бірі – он бес жасар Әлтайыр. Таңғы 8.00-ден кешкі 22.00-ге дейін тамақ тасып, жеткізіп жүрген ол күніне 7 мың теңге табатынын айтады.

«Ата-анамның қалтасына салмақ түсіргім келмейді. Қалағанымды өз ақшама алып, қайта оларға көмектесемін. Үйге қажетті азық-түлікті мен алып отырамын. Жақында тұрмыстық техникаға да тапқанымды

жұмсап, ата-анамды қуантқан едім» дейді ол.

Көшеде жеміс-жидек, көкөніс сатылатын дүңгіршектерде де сатушы жасөспірімдер баршылық. Сауда-саттықта ата-анасына көмектесіп, зыр жүгіріп жүреді. Солардың бірінде Айым Бектұрсын есімді әйел «каникулда бос отырғанша, қайта еңбек етуі керек» дейді.

– Кешке таман адам көп келеді. Екі қызыммен бірге бәріне қызмет көрсетеміз. Өздері қолғабыс боламыз деген соң келістім. Сауда жасап, олар ақшаның қалай келетінін көріп, жауапкершілікті сезінеді. Телефонға телміріп, анау-мынауды көргеннен гөрі маңдай термен табыс табуы үйренеді. Жұмыс істеудің не екенін және ақшаның құнын біледі. Ал өзі ақша тапқан бала ата-анасын қымбат затты сатып алуға мәжбүрлемейді. Бұдан бөлек, жұмысшы балалар



МОБИЛЬДІ АУДАРЫМ: ЖҰРТ НЕГЕ АЛАҢДАУЛЫ?



2025 жылдан бастап бақылау-касса машинасын пайдаланбай-ақ, тауарға немесе қызметке мобильді ақша аудару арқылы есептесу, сондай-ақ шек бермеу – бұл тәртіп бұзу. Мұндай адамдарға алғаш рет ескерту жасалып, егер бір жылдың ішінде қайталанған жағдайда 15-тен 50 АЕК-ке дейін айыппұл салынады.

Өткен аптада «ұялы телефон арқылы ақша аударымына тыйым салынады» деген хабар жұртшылық арасында біраз дүрбелең туғызды. Сауда жасаушылар «енді қайттік, «Kaspi әмияндағы» ақшамен есеп айырысып үйреніп қалып едік» деп біраз уайымдаса, сатушылар: «Үкімет бізді шөміштен қысатын болды-ау. Бұл тағы қандай «тосынсый» болды?» деп реніш танытты. Ал шындығында қатты алаңдайтын дәнеңе де жоқ еді.

Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

ӨЗІРГЕ ТӨЛЕМ БҰРЫНҒЫ

Оны көп кешікпей Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Қаржы министрі Ерлан Жамаубаев түсіндіріп берді. «Фискалды органдар күніне 100-ден аса мобильді аударым жасайтын қазақстандықтарды тексеретін болады» дегенге көпшілік алаңдады. Бұл жерде қатты сарыуайымға салынатын ештеңе жоқ. Қазір тек екінші деңгейлі банктермен ақпарат алмасу жүріп жатыр. Негізі, бұл – 2025 жылға дейін жүйелі жүргізілетін жұмыс. Барлығы кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Ешқандай тексеріс, халыққа қысым деген болмайды. Оған мен кепілдік беремін» деді ол. Осының өзі қайдан шыққан әңгіме дейтін болсақ, ол тап бүгін ғана аяқастынан көтеріліп отырған жоқ. 2022 жылдың 29 наурызында Қаржы министрі өзінің №323 бұйрығымен жеке тұлғалардың банктегі есеп шотында жүргізілген операциялар кезінде кәсіпкерлік қызметке салық салу критерийін бекіткен болатын. Бұл ақпаратты салық органдарына банк операцияларын жүргізетін екінші деңгейлі банктер мен ұйымдар беріп отыратын болады. Алайда ол қашан және қай уақытта, қандай жағдайда жүзеге асырылатыны әрі оның қазақстандықтардың барлығына бірдей қатысу туралы нақты ешкім ештеңе түсінбей дал болуда. Сондықтан таксиге ақы төлеуде, азық-түлік сатып алуда, басқа да мобильді аударымдар арқылы есептесуде біреулер «енді не істейміз?» деп «күйіп-пісіп» жатыр. Астана қаласында көптеген дүкен иелері мобильді ақша аударымдары туралы әңгімені естігенмен, жұмысын сол бұрынғыша жалғастырып жатқанын айтады. Мәселен,

Мағжан Жұмабаев даңғылындағы «Радуга» шағын сауда нүктесінен үнемі адам арылмайды. Мұнда төлемдерді тұрғындардан тек мобильді ақша аударымы арқылы қабылдайды. Сондықтан да дүкенде азық-түлік пен көкөніс, жеміс-жидек басқа жерге қарағанда арзандау. Мұның сырын сұрағанымызда, дүкенші «көтерме сауда бағасымен алып, көп үстеме қоспай сатамыз» деп жауап берді.

ӘЛСІН-ӘЛСІН АЙТЫЛАДЫ

Ал Бейімбет Майлин көшесіндегі құрылыс супермаркетінде де төлем тек аударым арқылы жүргізіліп жатты. Біз бас суқанды дәмхана, «Аспан базары», жеміс-жидек дүңгіршегі – барлығы да картамен де, мобильді аударым арқылы да, қолма-қол ақшамен де есептесіп жатты. «Адамдар мобильді ақша аударымына салынатын салық туралы әлі жете түсініксіз жатыр. Микробизнес өкілдері қазірдің өзінде өздерінің ұялы телефондарын жиі ауыстыратыны шығарды. Өйткені «айына жүз аударым жасаған кәсіпкерге салық салынады» дегенді естіген адамдар бірнеше телефон ұстап, айдаларын асырғысы келеді» дейді экономист Жұмағазы Кенжебек. – Ал кейбір сауда нүктелері мен халыққа қызмет көрсету саласы қазірдің өзінде QR-код арқылы немесе карточкамен есеп айырысуға көше бастаған. Елді есенгіретіп кеткен кешегі індеттен кейін мобильді төлемдерді фискалдау жөнінде қолданыстағы заңға өзгерістер енгізу қарастырыла бастады. Өйткені ол кезде әп-сәтте ұялы телефон арқылы ақша аударуа қою жеке тұлғалар арасында кәсіпкерлік қызметтің тасын өрге домалатып тұр еді. Осы мәселені заң тұрғысында реттеу керек екенін ең алғаш Парламент қабырғасында көтерген сенатор Ғұмар Дүйсембаев болды. 2021 жылдың қараша айында ол «мобильді төлемдер» деген түсінікті нақтылап, тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуде ұялы телефондар арқылы есеп айырысуды әрі онлайн-бақылау-касса машинасын қолдануды заңдастыруды ұсынды. Кәсіпкерлерге бизнеске арналған жеке шоттарын пайдалана отырып, сол арқылы Мемлекеттік кіріс комитетіне салық төлеуді міндеттеу керектігі жөнінде ой қозғады. Расы керек, сенатор Ғ.Дүйсембаев көтерген сол мәселе ол кезде ешкімнің ойында болмаған-тын. Айтылған бойда елге тарайды да кетті. Енді базарлар мен дүкендерде, сауда желілері мен медициналық орталықтарда сауда жасаушылар да, тіпті өз көлігімен көшеде табыс тауып жүргендер де: «мобильді ақша аударымы қабылданбайтын болды. Қолма-қол ақшамен есеп айырысамыз» деп қобалжыды. Өйткені «ақша аударылса, әр сатылған тауардан пайыздық үстеме ұсталады» деген түсінік пайда болды. Бұл қанатқақты жобаның о баста жұртшылыққа бүге-шігесіне дейін түсіндірілмегенінен келіп туындаған дүрбелең еді. Абырой болғанда, оны жүзеге асыруда ҚР Қаржы министрлігі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін кейінге қалдырып, біраз тыншығандай болғанмен, «керек кезінде» әлсін-әлсін көтеріліп қалып, халықты қобалжытуын қоймай келеді.

ЧЕК БЕРМЕУ – САЛЫҚТАН ЖАЛТАРУ

ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ресми өкілі Айнұр Сартаеваның айтуынша, мобильді аударымдар әзірге барлық азаматқа енгізіу қатысты емес. Биыл мемлекеттік қызметкерлер мен олардың зайыбы, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың банктегі есеп шоттары тексеріледі. Тексерілгендерде екінші деңгейлі банктер оларға кәсіпкерлік қызметке қатысу бар-жоғына байланысты мониторинг жүргізеді. Ал қалған адамдардың банктердегі ақша аударым

мәліметтері туралы салық комитетіне белгілі бір критерийлер нақтыланып, келісілгеннен, яғни 2024-2025 жылдары кіріс туралы жалпыға бірдей декларация тапсырғаннан кейін ғана беріледі деп күтілуде. Нақтырақ айтсақ, 2024 жылы бюджет саласы қызметкерлері мен олардың зайыбы, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің ақша аударымдары бақылауға алына, жылдың аяғына таман заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайы тексеріледі. Ал 2025 жылы осы сызба-жүйе бойынша аударым жасаған барлық қазақстандық бақылауға алынады. Бақылау-касса машинасын пайдаланбай-ақ, тауарға немесе қызметке мобильді ақша аудару арқылы есептесу, сондай-ақ шек бермеу – бұл тәртіп бұзу. Мұндай адамдарға алғаш рет ескерту жасалып, егер бір жылдың ішінде қайталанған жағдайда 15-тен 50 АЕК-ке дейін айыппұл салынады. Қазір осы аталған қанатқақты жобаға «Kaspi Bank» АҚ, «Халық банк» АҚ және «Банк Центр Кредит» АҚ қатысады. – Сатып алушы мобильді аударымның, шын мәнінде, қаражатты біреудің әмиянына тегін аударып беру екенін түсінуі керек. Егер чек берілмесе, атқарылған қызмет пен сатып алынған тауарды дәлелдеу қиынға соғатынын әркім де білгені жөн. Жасыратыны жоқ, елде чек бермей мобильді аударымдар арқылы саудасын дөңгелетіп жүрген кәсіпкерлер көбейіп кетті. Бұл, түптеп келгенде, қазынаға түсетін салықтан жалтару деген сөз болып шығады. Сондықтан қазір «Азаматтық бақылау – чекті талап ет» атты акция қолға алынып отыр. Мақсаты – жасалған саудадан бюджетке пайда түсіру. Оған елдің әрбір азаматы атсалысса, нұр үстіне нұр болар еді, – дейді Мемлекеттік кіріс комитеті мемлекеттік қызметтер басқармасының бас сарапшысы Данат Кезембаев.

Қыздан туған баланың жиен екенін мойындамайтын ата-әжелердің қатары күн сайын көбейіп келеді. Өз жұртынан қайып жұртын жоғары бағалайтын азаматтарымыз да баршылық. «Құдағиым ренжіп қалмасын деп немереме жеті атасын жаттатқызбаймын!» дейтін ақылсыз аталар да аз емес.


АТА ДӘСТҮРІНЕН АУЫТҚЫМАЙЫҚ

Бұрын үлкендерден «Бала келінің қолында тұрамыз!» дегенді естіген едік. Қазір «Қыз-күйеу балам қолымда тұрады!» дегенді естіп жүрміз. Қыз күнінде тағып, тұрмысқа шыққанда төркіні киімдеріне қосып жіберетін, кейін жағдайын сұрап келген бауырларынан беріп жіберетін, шешесі қызының құтты жерге барғанына қуанып, көрші-көлемін шақырып, көрсететін «Құстұмсық» сақинасы да мәнінен айырылған ба? Жоқ әлде ата-енесімен бір шаңырақ астында тұратын күшкі күйеу баланың да қалтасына салайық па? Содан болар, бүгінгі таңда ұлының үйленгеніне мұңайып, қызының тұрмысқа шыққанына қуанатын әке-шеше көбейіп келеді. Байқап тұрсақ, өмірдің қызығы ұлда емес, қызда сияқты. Бүйтіп жалғаса берсе, тектілік мазмұнынан айырылады. Баяғыда жаны аман қалып, бауырына басқан баласы пысығанша келін төркініне ат ізін салмайтын еді. Өйткені әке жүрегі қызының жүктілікпен әрең жүргеніне шыдамайтын. Қазір қызының қарны шертейіп, күндіз отыра алмай, түнде ұйықтай алмай домалап жатқанына қыз-күйеу баласы қолда тұратын әке жүрегі қалай жарылып кетпей, шыдап тұр? Сонда әкеден қасиет, анандан мейірім кеткен заман өкілі болдық па?

Жиенің туғанын, жасқа толған тойын өз ата-әжесі емес, нағашы ата-әжесі жасайтын деңгейге жеттік. «Тегін білмеген түгін білмейді». Өз қызының «әліпті тақ деп түсінбеген» санасыз ұрпаққа құрсақ болуына жағдай жасап жүрген ата-аналарға қарап зығғандым қанайды. Бүйтіп қор болып, қатын алғанша, үйленбей зор болған артық шығар. «Қызыл-жар» орталық мешітінде бір дұға болғанда күйеу баласы жетім болса да, бес жиенін перзентханадан шығарып алуға да бармағанын, туғанын да тойламағанын, жасқа толғанын да жасамағанын, тіпті, екі жиенінің сұндет тойын жасасын, жасама-сын, онысында ешқандай да шаруасы болмағанын, шақырса, қуанышына ортақтасып, кісімен кісі болып барып жүргенін, тек қана әр жиенінің қырық серкешін бергенімен шектелгенін мақпайып қалған едік. Нағашы атаның жеті атасын білген дұрыс. Бұл жиенді немере қылу деген сөз емес. «Текті ананың құрсағынан шыққанмын!», «Текті ананың омырауын емгенмін!», «Текті анандан туғанмын!», «Анам тексіз жердің қызы емес!» деген сөз тіркестерін алға тартқан бала анасының тектілігін дәлелдеу үшін нағашысының жеті атасын тіліне тиек еткені жөн. Әйтпесе, жиен-жиеншар-дегеншар-көгеншар-көбеңшар-үйленгеніне мұңайып, қызының тұрмысқа шыққанына қуанатын әке-шеше көбейіп келеді. Байқап тұрсақ, өмірдің қызығы ұлда емес, қызда сияқты. Бүйтіп жалғаса берсе, тектілік мазмұнынан айырылады. Баяғыда жаны аман қалып, бауырына басқан баласы пысығанша келін төркініне ат ізін салмайтын еді. Өйткені әке жүрегі қызының жүктілікпен әрең жүргеніне шыдамайтын. Қазір қызының қарны шертейіп, күндіз отыра алмай, түнде ұйықтай алмай домалап жатқанына қыз-күйеу баласы қолда тұратын әке жүрегі қалай жарылып кетпей, шыдап тұр? Сонда әкеден қасиет, анандан мейірім кеткен заман өкілі болдық па?

Жиенің туғанын, жасқа толған тойын өз ата-әжесі емес, нағашы ата-әжесі жасайтын деңгейге жеттік. «Тегін білмеген түгін білмейді». Өз қызының «әліпті тақ деп түсінбеген» санасыз ұрпаққа құрсақ болуына жағдай жасап жүрген ата-аналарға қарап зығғандым қанайды. Бүйтіп қор болып, қатын алғанша, үйленбей зор болған артық шығар. «Қызыл-жар» орталық мешітінде бір дұға болғанда күйеу баласы жетім болса да, бес жиенін перзентханадан шығарып алуға да бармағанын, туғанын да тойламағанын, жасқа толғанын да жасамағанын, тіпті, екі жиенінің сұндет тойын жасасын, жасама-сын, онысында ешқандай да шаруасы болмағанын, шақырса, қуанышына ортақтасып, кісімен кісі болып барып жүргенін, тек қана әр жиенінің қырық серкешін бергенімен шектелгенін мақпайып қалған едік. Нағашы атаның жеті атасын білген дұрыс. Бұл жиенді немере қылу деген сөз емес. «Текті ананың құрсағынан шыққанмын!», «Текті ананың омырауын емгенмін!», «Текті анандан туғанмын!», «Анам тексіз жердің қызы емес!» деген сөз тіркестерін алға тартқан бала анасының тектілігін дәлелдеу үшін нағашысының жеті атасын тіліне тиек еткені жөн. Әйтпесе, жиен-жиеншар-дегеншар-көгеншар-көбеңшар-үйленгеніне мұңайып, қызының тұрмысқа шыққанына қуанатын әке-шеше көбейіп келеді. Байқап тұрсақ, өмірдің қызығы ұлда емес, қызда сияқты. Бүйтіп жалғаса берсе, тектілік мазмұнынан айырылады. Баяғыда жаны аман қалып, бауырына басқан баласы пысығанша келін төркініне ат ізін салмайтын еді. Өйткені әке жүрегі қызының жүктілікпен әрең жүргеніне шыдамайтын. Қазір қызының қарны шертейіп, күндіз отыра алмай, түнде ұйықтай алмай домалап жатқанына қыз-күйеу баласы қолда тұратын әке жүрегі қалай жарылып кетпей, шыдап тұр? Сонда әкеден қасиет, анандан мейірім кеткен заман өкілі болдық па?

Самрат ҚҰСКЕНОВ



МЕДИЦИНА МАМАНДАРЫ НЕГЕ ТАПШЫ?

Кадр тұрақтылығын сақтау қай салада да маңызды. Әсіресе ол елдің денсаулығына жауапты мамандарға байланысты болса екі есе өзекті. Осы орайда қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы елордада медицина мамандарын тұрақтандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстары туралы ақпаратпен бөлісті.



Медициналық кадрлардың тапшылығын жою мәселесі басқарманың тұрақты бақылауында. Басқарманың баспасөз қызметі берген мәліметтерге қарағанда, бүгінде елордада мемлекеттік денсаулық сақтау секторында 12108 адам еңбек етеді. Оның 3,5 мыңы – дәрігер, қалғаны – орта медициналық қызметкер және кіші персонал. Осы қызметкерлердің қатарын жыл сайын толықтырып отыру үшін оқу орындарына бөлінетін гранттар санын арттыру керек. Жергілікті бюджеттен 2020 жылы 243 грант бөлініп, оның ішінде 2022 жылы 151 жас маман, 2023 жылы 92 жас маман оқуын аяқтаған. 2022-2023 жылдарға 19 мамандық бойынша 128 орынға грант бөлінген, 2023-2026 жылдарға Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы 131 грант бөлу туралы өтінім берді.

– Мамандарды салада тұрақтандыруға ықпал ететін негізгі фактордың бірі – тұрғын үй мәселесі, яғни медицина мамандарын баспанмен қамтамасыз етуге жағдай жасау. Астана қаласының әкімдігі жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй және тұрғын үйге мұқтаж ретінде жергілікті атқарушы органдарда есепте тұрған азаматтар үшін «Шаңырақ» бағдарламаларын іске асыруда. Елорда жастарын тұрғын үймен қамтамасыз етудің қосымша құралы ретінде «Елорда жастары» жеңілдетілген кредит беру бағдарламасы бекітілді. – дейді басқарма басшысының орынбасары Берік Қайкенов.

Сондай-ақ білікті кадрларды тарту мақсатында әкімдік меди-

цина қызметкерлеріне арналған 1 жатақхана салу бойынша жұмыс жүргізуде, яғни Алматы ауданы аумағындағы Астана-Қарағанды тасжолының бойында денсаулық сақтау қызметкерлеріне арналған жатақхана салу көзделіп отыр. Сонымен қатар медициналық ұйымдарда қызметкерлер үшін қосымша әлеуметтік қолдау шаралары қабылданды, мысалы: тұрғын үйді жалға алу үшін ішінара төлемі және 2 базалық лауазымдық жалақы мөлшерінде бонустық төлем, қоғамдық көлікте жол жүру үшін көлік картасын беру қарастырылады.

Бүгінде Астананың Қоғамдық денсаулық сақтау желісінде аталған басқармаға бағынысты 33 ұйым бар. Олардың 16-сы алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін, 11-і стационарлық ұйым (4363 төсек-орын бар, соның 2807-сі ересектерге арналған, 1006-сы балаларға арналған және 550 акушерлік төсек-орын), жедел жәрдем станциясы және 5 өзге де ұйым бар. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдарға 1368744 тұрғын тіркелген. Сондай-ақ қалада барлығы 2153 төсек-орынмен қамтылған 7 республикалық және ведомстволық аурухана бар.

Денсаулық саласын цифрландыру – басқарманың алдында тұрған басым міндеттің бірі. Бүгінгі таңда әрбір тұрғынға электрондық денсаулық төлқұжаты жасалды. 3 миллионға жуық өтінім бойынша медициналық ақпараттық жүйе арқылы қызмет көрсетілді.

Сондай-ақ бірқатар қызметті алуға мүмкіндік беретін мобильді қосымшалар әзірленді, мысалы,



Астанада қазіргі таңда 207 медицина қызметкері жетіспейді. Ең алдымен, салалық дәрігерлер жетіспейді, себебі ақшасы аз. Атап айтқанда, барлық жерде эндокринолог, ревматолог, анестезиологтар тапшы

дәрігерге жазылу, дәрігерді үйге шақыру және басқалар. Бұл қосымша 1 миллионнан астам рет қолданылды. Мобильді қосымшаны пайдаланушылар саны 300 мыңнан асты (18-50 жастағы белсенді халықтың 48,6 пайызы). 2023 жылдың 6 айында сирек кездесетін аурулармен ауыратын 270 науқас дәрі-дәрмек және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілді.

2020-2022 жылдары медициналық ұйымдарды қайта жарақтандыруға 17,4 млрд теңге, соның 23 млн теңгесі республикалық бюджеттен бөлінді. Қаражат төмендегі медициналық құрылғыларды алуға жұмсалды: 22 рентгендік флюорография кешені, 9 компьютерлік томография, 9 бейнегастрокоп, 22 УДЗ аппараты, 91 ӨЖЖ аппараты, 14 стоматологиялық қондырғы, 40 реанимациялық көпбейінді төсек, 1 ангиограф, 1 МРТ, жаңа туған нәрестеге арналған 20 инкубатор,

174 науқастың төсек жанындағы монитору. Қосымша 744,6 млн теңгеге алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарына 51 көлік берілді. Республикалық бюджет есебінен 55 жедел жәрдем автокөлігі алынды. Қазіргі таңда жедел жәрдем санитарлық паркінде 165 көлік бар.

Елорда аумағында денсаулық сақтау саласы нысандары инфрақұрылымын дамыту жұмысы да жүргізілуде. Биыл құны 21,5 млрд теңгені құрайтын 3 нысанның құрылысы аяқталады:

- 1) патологоанатомиялық бюро;
- 2) 1 ауысымда 500 адамды сыйдыра алатын «Нұрлы жол» вокзалы ауданындағы амбулаторлық кешен, ол жеке инвестициялық қаражат есебінен салынып жатыр;
- 3) 1 ауысымда 500 адамды сыйдыра алатын Ш.Бейсекова көшесі бойындағы амбулаторлық кешен жеке инвестициялық қаражат есебінен салынып жатыр.

Жалпы құрылысы 2024-2025 жылдары аяқталатын 10 нысан салу жоспарланып отыр. Соның ішінде үшеуі республикалық бюджеттен бөлінген қаражатқа салынады. 250 және 200 орынға арналған 2 перинаталды орталық Алматы және Сарыарқа аудандарында салынады. Сарыарқа ауданындағы орталықты «Самұрық-Қазына» қоры қаржыландырады. Сонын «Өндіріс» тұрғын алабында бір ауысымда 250 адамды қабылдайтын амбулаторлық кешен. Сонымен бірге жергілікті бюджет есебінен 2 нысан салынады.

Жеке инвестиция үлесін арттыру мақсатында 5 емхананың құрылысы жоспарланып отыр. Оған 36 млрд теңге қарастырылған. Бұл емханалар қатарында «Тельман» тұрғын алабында салынатын, ауысымына 500 адамды қабылдауға арналған амбулаторлық кешені, «Пригородный» тұрғын алабында ауысымына 150 адамды қабылдауға арналған амбулаторлық кешені, «Интернациональный» тұрғын алабында ауысымына 150 адамды қабылдауға арналған амбулаторлық кешені және «Capital park» тұрғын үй кешенінде ауысымына 250 адамды қабылдауға арналған амбулаторлық кешені бар.

2020 жылдан бастап дәрігерлердің орташа жалақысы 60 пайызға, яғни 210 мың теңгеден 422 мың теңгеге дейін және орта медициналық персоналдың жалақысы 50 пайызға, 130 мың теңгеден 236 мың теңгеге дейін өсті. Ал биыл дәрігерлер жалақысы 30 пайызға дейін және орта медициналық персоналдың жалақысы 20 пайызға өседі.

«ДОНОРДЫҢ 5 ИГІ ІСІНЕ» ҚАТЫС!

Астана қаласының қан орталығы «Донордың 5 игі ісі» бірлескен марафонын бастады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл марафон – құрметті донор болудың тамаша мүмкіндігі. Өйткені қайтымын күтпейтін акцияларға қатысу – мейірім мен жанашырлықтың белгісі.



Шараға қатысу үшін әрбір адам 5 игі іс жасауы қажет. Біріншіден, 2023 жылы 4 тамыз бен 25 желтоқсан аралығында Астана қаласындағы Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығына келіп, тромбоциттерді кемінде 5 рет тапсыруы тиіс. Одан әрі бұл акция туралы мейлінше көбірек адам білуі үшін донация кезінде суретке түсіп, әлеуметтік желіде, суретті ала отырып, жазба жариялайды. Онда достарын белгілеп, оларды қан тапсыруға шақырады. Посттан бөлек, әлеуметтік желідегі стористе репост жасап, қан орталығының әлеуметтік желідегі парақшасын белгілейді. Ұйымдастырушылар барлық жарияланған жазбамен танысып, оны өз парақшасында көрермендермен бөліседі. Сонын тромбоциттердің әрбір 5 донациясы үшін донорларға естелік сыйлықтар береді.

Айта кетерлігі, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес, салмағы 50 келден артық, жасы 18-ден асқан, іс-әрекетке қабілетті азаматтар донор бола алады. Жақында ауырған, ота жасатқан, әлемнің кейбір еліне барған адамдар донорлықтан уақытша немесе тұрақты шеттету үшін негіз болады.

САЛАМАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ

Денсаулық мәселелері бойынша халықтың сауаттылығын арттыру және саламатты өмір салтын насихаттауды күшейту мақсатында Қазақстанда 2023-2025 жылдарға арналған жол картасы әзірленіп, іске асырылуда.



Жол картасы спорттық жарыстар мен денсаулық фестивалдері сияқты бұқаралық іс-шараларды өткізуді, белсенді демалыс пен спорт үшін инфрақұрылым құруды, дұрыс тамақтану мәселелері бойынша түрлі іс-шараны ұйымдастыруды қарастырады. Сонымен қатар карта аясында денсаулық сақтау мекемелерінде денсаулық сақтау саласындағы халықтың сауаттылығын арттыру үшін білім беру бағдарламалары мен консультациялар өткізуді жоспарлайды.

Осы құжаттағы іс-шараларды іске асыру нәтижесінде темекі, алкоголь өнімдерін тұтынуды қысқартуға, психикалық және репродуктивті денсаулықты жақсартуға, жаракаттануды азайтуға қол жеткізілімек.

Жол картасы шеңберінде маңызды әлеуметтік жобалардың бірі – 2025 жылға дейін «Саламатты асханалар», «Салауатты кафетерийлер», «Салауатты бистро», «Саламатты дүкендер» дұрыс тамақтану жөніндегі кәсіпорындар желісін дамыту. 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың тамақтану рационы бойынша ұйымдастырылған балалар ұжымдары үшін бірқатар ұлттық ұсыным әзірленеді. Сондай-ақ БАҚ-та және әлеуметтік желілерде қант қосылған сусындарды, құрамында тұзы жоғары өнімдерді тұтынуды азайту бойынша халық арасында түсіндіру жұмысы қарқынды жүргізіледі. Барлық жерде темекіге қарсы кабинеттер мен темекіні тастаушыларға арналған сенім телефондары жұмыс істеп, темекі шегуден бас тартуға көмектесетін қосымшалар шығарылады.


Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

АСА КҮРДЕЛІ ОТА СӘТТІ ЖАСАЛДЫ

Елордада дәрігерлер 25 жастағы пациентке сирек ота жасап, оның миындағы гиппокампы алып тастады. Нәрсесте кезінен бастап эпилепсиямен ауыратын науқасқа ота Ұлттық нейрохирургия орталығында жасалды.

Науқаста алғашқы қысқа мерзімді эпилепсиялық ұстама 1 жасында болған. 6 жасынан бастап антиконвульсанттарды қабылдай бастаған. Бірақ жылдар өте келе дәрі-дәрмектің әсері азайып, одан көмек болмай қалады. Сөйтіп ұстамалар жиілеп кетеді.

– Бір күнде 3-4 құрысу болатын, әр ұстамадан кейін қалыпқа келу үшін көп уақыт қажет еді.



Сосын мен бұл ауру және оны емдеу әдісі туралы ақпараттар іздей бастадым. Сөйтіп Ұлттық нейрохирургия орталығының сайтында Гаухар Сұлтанханқызын тауып алып, қабылдауына жазылдым. Содан кейін дәрігер-

лер МРТ суреттерін зерттеді. Отадан кейін 7 күн өтті, әзірге ұстамалар байқалмайды, – дейді ота жасалған қыз.

Пациентке арналған бұл жоспарлы ота тегін болды және ол МӘМС шеңберінде жүргізілді.

– Диаметрі 3x3 см болатын оң жақ самай бөлігінің кең эпиплетогендік ошағы алынып тастады. Отаның күрделілігі мандай және самай бөлігінің жабыспасымен байланысты болды. Біз ошақты жоюды ғана емес, сонымен қатар пациенттің өмір сүру сапасын сақтауды да басты назарға алдық, – дейді невролог-эпилептолог, «ҰНО» АҚ профессоры Гаухар Ибатова.

Аса күрделі отаны профессор, ҚР ҰҒА академигі Серік Ақшолоақов, ми патологиясы нейрохирургия бөлімшесінің нейрохирург дәрігерлері Мұратбек Тілеубергенов және Дәурен Жақсыбаев жасады. Сондай-ақ ота кезінде дәрігерлердің көпбейінді тобы жұмыс істеді, оның құрамында тәжірибелі мамандар – дәрігер-анестезиолог Раушан Токшекенова және дәрігер эпилептолог-нейрофизиолог Гаухар Ибатова болды.

Кейбірі бетіне көбік жағып, сақалын қыра бастады, енді бірі киімін шайқап, жууға кірісті.

Енді біреулері самаурынды тұтатып, түнін бұрқыратып жатыр. Біз жағалаудың абагтанған, қараулы бар «ақылы» тұсында жатырмыз. Олар бізді айналып өтіп, арнайы қадағалап отырған адамы жоқ, жағалаудан бас қойып, айналасын қоқысқа толтырып, көлік керуеніне қарай кері қайтты. Күн қағып, жол соққан жолаушылармен сөйлесіп едік, Қарасай батырдың басына зиярат етуге бара жатыр екен. Дені – еліміздің оңтүстігінен келгендер. Жетекшілері сөйлескісі келмей қашаққа тады. Жасыратын ештеңесі жоқ, бұл – елімізде кең етек алған, радикалды сипаты жоқ, жай жетекшісі болғанмен, арнайы идеологы жоқ, тек ақша табуды көздеп, халықты теспей сорып отырған таныс ағым.

О баста қазақтың зиярат ететін дәстүріне байланып, өз жолын анықтап алып, мына жалғанның сынағынан шаршағандардың тауқыметінде ойнап, байғұстардың қыруар қаражатын шашып, беймәлім сүрлеуге салып қойған «Ата жолы».

Бұл ағым о баста «Ата жолы» («Ақ жол») деген атаумен өз қызметін ұйым ретінде 1997 жылғы ақпан айында бастаған. Кейіннен «Ата жолы» деген атауын өзгертіп, 2001 жылы Алматыда коммерциялық ұйым (ЖШС) ретінде тіркелген. Бұл қозғалыс қылаң берген кезеңде қоғам өзгеріп, халықтың сапырылысып кеткен шағы еді ғой. Ежелден қалыптасқан дәстүрімізбен аруақтардың басына түнеп, Алладан сұрау табиғатымызға жат емес екенін білгендер осындай өліараны өз пайдасына шеше қойды. Қаншама жыл өтті, халықтың көзі ашылатын кез болды, дегенмен бұл керуен тоқтар емес.

Жалпы мұндай ағымның пайда болып, ел арасында кең таралуына ықпал ететін себептің бірі деп экономикалық қиыншылықтар мен әлеуметтік шиеленісуді алға тартамыз ғой. Расында да солай, алайда бұл басты себебі емес. Еліміздегі түрлі ағымның таралуына күшті серпін болған нәрсе соңғы жылдардағы қалыптасқан құндылықтар мен нормалардың жоғалуы, біртұтас рухани кеңістік бөлшектеніп, әдеттегі идеялардың күйреуі, қоғамды біріктіретін жаңасының болмауынан да көру керек. Ең жаманы мұның бәрі адамдардың болашағына деген күмән мен сенімсіздік сезімін тудырды, бұлғынғыр болашағына мойынсұнды. Мұндай дағдарыстан жол іздеу – адам баласына тән қасиет, адамдардың осындай ізденісіне кездесе кеткендер алдымен қалтасын ойлағаны өкінішті.

Өліара кезеңді қойшы, солай болған шығар десеңіздер

АТАЛАРҒА ТАҒЗЫМ ЕТУ ТАБЫС КӨЗІНЕ АЙНАЛҒАН БА?

Өзіміздің көргенімізді айтайық демекші, жақында Бурабай маңындағы тұзды көлдердің біріне демалуға барғанбыз. Күн екінтіге ауғанда, 50 орынға шақталған 6 автобус үлкен жолдан ырғала құлдырап, жағаға жақындап тоқтады. Автобустан түскен 500-ге тарта жолаушы әп-сәтте жағалауды толтырып жіберді. Жолаушылар арнайы суға түсетін киімін ала шықпаған секілді, үстіндегі барымен суға түсті.



де, жаңа қоғам өз жаңалығын әкелді. Атап айтқанда:

Дәстүрімізде бар еді...

Батырлар жырында «Әруаққа сыйынбай

Ерлерің қылыш шаба алмас»

деп айтқанындай,

Әулиеге ат айтып,

Қорасанға қой айтып,

Құдайысын береді.

Тоқсанға келген Тоқтарбай,

Жетпіске келген Аналық

Сөйтпін қызық көреді, – деген жолдар ескі жолымызды еске салады. Алпамыс батыр жырындағы:

Отырада Арыстан бап,

Сайрамда бар сансыз бап, –

Бәріне бір түнеді.

Әзіреті Қаратау

Әулиенің кені еді.

Өзен, сайын тастамай,

Бәріне бір түнеді, – деген

сөздер жанымызға жақын. Қарап отырсаңыз, әулиелерді зиярат ету біздің рухани өміріміздің ажырамас көрінісі болып қалыптасқан. Қым-қуыт тірліктен бір сәтке тыныстап, рухани тазарғымыз келсе әке-шешеміздің басына барып құран оқып, қасиетті бабаларымыздың басына жол түскенде соға кету біз үшін «ширк» емес. Десе де осы бір жанымыздың нәзік құбылысын ақшаға айналдыру қаншалықты дұрыс?

Әңгілемізге негіз болған 500-ге тарта жолаушыны дәл осылай қу жанына медет іздеп жүргендер деп айта аламыз. Ақырындап сұрастырғанымызда, бұл керуенмен жол бойындағы үлкенді-кішілі әулиелерді ардақтап, ақырында Қарасай батырдың басына барады екен.

Аталған батырлармен қоса, Жамбыл атамның «батасын алу» деген сөз құлаққа ерсі.

Дәстүрімізде әулиелердің басына тунейтін, түсіне еніп, аянын алатын. Енді аян жол бастаған жетекшілердің «батасын» айналып, солардың аузымен айтылатын көрінеді. Ата-баба рухымен сөйлесіп, олардан жәрдем сұрауға ара-ағайындық жасау қаншалықты ерсі естілсе, шындығы сол. Бұрындары аузы дуалылар перзентсізге бала беріп, басқа келген бәлені қайтарып, «Алла қабыл етсе, біз бердік» деп айтушы еді. Енді формасы өзгерген, олар жеке дара жүрмейді, топ болып жиналып, әулиелерді түгендейді. Әр басқан қадам ақшаға айналған топтың әрекетінен мистикалық, оккульттік нысандары анық көрініп тұр.

«Неге бүгінге дейін бұл жол тоқтамай отыр?» деген сұрақ тіліміздің ұшына келетіні анық. Айта берсек, осында 30 жыл бұрын басталған, алғашқы пәттегі айналадағылардың бәрін ширк деп үйреткен уахаб-салафтардың да ықпалы бәсеңсіп келеді. Соларға қарсылық ретінде де бұл ескі жолдың жаңғыруы – заңды нәрсе. Екіншіден, мына заман құйрығын ұстатпайтын түлкіге айналды. Адамның миында мың сан ақпарат, алдында таңдауы қиын мың тарау жол. Оның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін біліп жатпаймыз. Сүйенетін негіз де, тірек те жоқ. Атам заманнан келе жатқан өз жолымызды мансұқтап, өз болмысымызды жоғалтып алғанбыз. Халықтың

оқып-білуге, ізденуге мойны жар бермейді. Біреу айтса соны мақұл көріп, соңынан еруге дайын. Не қоғамда болып жатқан оқиғаларды сырттан бақылап, өзінің алатын орнын бағамдап, белсенділік көрсетпейді. Өз жолымен емес, өзгенің сүрлеуіне түсіп, соның айтқанымен жүріп, айтқанымен тұрып, ықпалынан шықпағанды абзал көреді. Іздегенге сұраған, осындай ағымдар пенденің не істеп қоятынның реттеп, керек болса, алдағынды да болжағанысып, өз уысында ұстап тұруға бар күшін салып, өзіндей адамдардың көбейгеніне мүдделі. Содан да неше түрлі қисынмен әйелі болса ерине айтқызып, баласын да ертіп, осы жолға салып, өз дегенімен жүргізе қояды.

Ал тобырды басқару барлық заманда да оңай болған. Қазіргі ақпараттық заманда психологияға әсер етудің түрлі-түрлі әдісі бар. Адамның мінез-құлқын, ерік-жігерін басқарып, оның осал тұсын дәл басып, көкейін дегісін деп тауып айту қиын шаруа емес. Тірлігі тұралап, жағдайы шатқақтап тұрғанды тез бас идіріп, мойынсұндыру қарапайым психологтың да қолынан келеді. Осындай психологиялық деңгейде сана мен мінез-құлқты басқаруды ғылым тілінде «манипуляция» дейді. Бұл латынның «manipulare» сөзінен шыққан және оның ішінде бастапқы мағынасы да «басқару» дегенді білдіреді. Адамға адамның жаны ашыса, жылы сөзін айтып, қолтығынан демеп жіберіп, жанашырлық көрсету, қол ұшын созып көмек

көрсету және т. б. қазіргі ұғымда манипуляция деп түсіндіріледі. Жақсы жағынан, әрине. Ал мақсатты түрде, өз ойын жүзеге асыру үшін теңселген халықтың соңғы үмітінде ойнауды ақтауға болмайды. Мұндай «манипуляцияның» құрбандарын елеп-ескеріп жатқан қоғам жоқ. Керісінше, түрлі ағым өкілдерінің ойына не келсе соны істеуге мүмкіндік ашып қойған. Әрине, адамдардың өзі осы жолға өз еркімен барған соң да не дерсің?! Туындаған мәселені ағайын-туысымен ақылдаспай, не психолог маманмен кеңеспей, өзіндік жолын іздегендерді айыптай алмаймыз. Бірақ ақшасын санап көрейік. 6 автобустың адамдарынан сұрап білгенімдей, 50 мыңды «құрбандық» деп басы бүтін береді екен. 20 мың – жол ұлы. Түнде көлікте ұйықтап, үйінен алып шыққан тамағын жеп, жолшыбай кездескен суға жуынып, бір аптадай жүріп азып-тозады. Бір сапарға жеткен 500 адамның тек қана қолма-қол санап берген теңгесі – 35000000 млн. Бір айда төрт апта бар. Бір аптада 500 қойды жеп болмасы анық. Сонда қалай?! Сол қойды бала-шағасымен сойып жесе де, қызылсырап отырған бала-шағасының қарны бір тойып, құрбандығы да қабыл болатын еді ғой дейсің. Ақыры құрбандық болса бала-шағамен емес, бізге әкеліп табыста деген жол бастағандардың әрекеті – өз дегеніне қол жеткізу үшін қолданылатын психологиялық әсер етудің бір амалы.

Мұның салдары жай кетпейді, зияны бір адамның ғана басында емес. Бір жағынан алғанда, адамның психикалық әлемі, ішкі көңіл күйінің тұрақтылығы, айналасымен үйлесімі, рухани тірегі шытынап, психикалық және физикалық жағдайына әсері өз алдына. Мұндай адамдар көбейіп, қоғамда қалыптасқан дәстүр мен норма, әлеуметтік құрылым, мәдениет тұрғысында тұрақтылықтың қаймағын шайқап, ұлттық құндылықтың бағытын ауыстырып жібереді.

6 автобустағы 500 мінкінің іс-әрекеті дәл осыны еске салып еді. Шаршап-шалдықандардың арман-тілегі орындалса жақсы, лайым солай-ақ болсын. Алайда бұралаң жолға тартып, артынан өздеріндей мүсәпірлерді жинап, жегі құрттай қоғамды жайлай бастаса ше?!

Дуасымен дертті қайтаратын, лепесімен жаныңды емдейтін үлкен ілім иелерінің келмеске кеткенін ескерсек, солардың моласында сұңқылдап «бата алып, бата беріп» жатқандардың ісі, әрине, көбімізді ойландыруы тиіс. Бұл, ең алдымен, мүфтиятың жұмысы. Ескі жолды жаңғырту қиын шығар, бірақ бұрмалауға болмайды.

Дертті қоғамның пенделері де дертті келеді. Оны медициналық білімі жоқ, біліксіз адамның «қасиетті жолдың» қалыптасқан сүрлеуімен емес, басқа ізбен апарып емдейтініне сенудің өзі қиын. Өз жолымызға қабыспайтын, жекелеген адамдардың қалтасына жұмыс істейтін бұл ағымдар туралы көбірек айтты, көптің көзін жеткізу керек.

Әрине, құр сөзбен мәселені шешу қиын. Сол үшін атам заманнан келе жатқан өзіміздің дәстүрлі жолымызды жаңғырттайық, сол жолдың адалдығына көз жеткізіп, керек болса, зиярат етсін, әурлердің жолын жеңілдетіп, жағдайын жасайық. Ұры сияқты қашып-пысып емес, ашық барсын. Әруақ қолдап, Алла қаласа, шын мұқтаж болса, Құдай тілегін берер.

Әйтпесе аса қат шаруа болмаса да соқыр сеніммен, көршіме жақсы болды деген қызық үшін көптің соңына көзсіз ергеннің ақыры қайырлы емес. Оны жете түсінбегеннен, бір саусағы бүгүлі, ата-бабаның рухани жолы, шипагерлік, қасиетті орындарды зиярат ету дегендей қадрлі дәстүріміздің тонын жамылып алғандардың тұзағына түсіп жатыр. Біреулерді байытқан қалың көпшіліктің аялылап, қасиетті ата-бабалар моласының шөбін таптап, өздеріне титімдей де пайдасы жоқ іске ұмтылушылардың қатарын көбейтуде.

Әлі де көбейе бермек, мына замандағы ағайын-туыстың арасын WhatsApp байлап, әлеуметтік суықтың өршуі адамды қоғамнан оқшаулану арқылы тұйыққа тірейді. Бақылаусыз жасөспірімдер, бақытсыз жұптар мен жалғызбасты аналарға ішкілік пен құмар ойындарына салынғандарды, жұмыссыздарды қосыңыз. Соларды құтқарам деген жанашырларының басқа жолды білмей жүргені өкінішті.

Керек десеңіз, жұмысбастылардың өзі әлеуметтік оқшау топтардың қатарын көбейтіп жатыр. Қараусыз қарттар да жақсы өмірден үмітін үтзейді. Құдіретке сенеді. Қоғамды біріктіретін сергек саналылар қаншалықты аз болса, мейірім мен бауырмалдықтың үлгісін насихаттайтын, жылылықты егетін, адамның соларға деген қызығушылығын тудыратын әлеуметтік институттар жұмыс істемейді.

Осыншама дағдарған жұрт қайда барады? Өз жолынан жаңылып үйір іздейді. Сосын барып соңғы ақшасын санап беріп, осындай «жолдарға» әуес келетініне көзіміз жетіп отыр.

ЕЛОРДАДА – ЕСІМІ

КӨРНЕКТІ ЗАҢҒЕР КӨШЕСІ

2021 жылдың басында Астана қаласы мәслихатының шешімімен Алматы ауданына қарасты А36 көшесіне қоғам және мемлекет қайраткері, ірі тұлға, заңгер ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанға еңбегі сіңген ғылым қайраткері Салық Зимановтың есімі берілді.

Мына дүниеде биік парасатымен, асыл қасиетімен адамдық зиялы үлгісін көрсеткен қазақ заң ғылымының абызына айналған алып тұлғаны бір кездері Қаныш Сәтпаев «Салық Зиманов – Қазақстанда заң ғылымдарының негізін қалаушы» деп бағалаған еді. Жаратушы өзі берген тоқсан жылға созылған мағыналы ғұмырының жеті жылын қанды

шайқаста өткеріп, одан кейінгі ізденіспен өткен жылдары Қазақстан мен Орталық Азияның басқа да аймақтарында ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігіне, т. б. өзекті мәселелерге арналған зерттеулерін жазып қалдырды.

Білікті заңгер маман ретінде егемендік, тәуелсіздік жолындағы

Қазақстанның халықаралық қатынасын заңдастырып, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру, президенттік басқару институтын енгізу, құқықтық-демократиялық реформаларды жүргізу ісіне белсене араласты. Қазақстан мемлекеті мен құқығының тарихын, ұлттық мемлекет құрылымының теориялық мәселелерін зерттеуде жаңа ғылыми бағыт қалыптастырып,



әділ сотты қамтамасыз ету үшін республикада сот мүшелерінің қатысуымен «билер алқасын» енгізуге басшылық жасады.

Қазақстан Республикасы құрылғаннан кейін С.Зимановтың ғылыми және қоғамдық-саяси қызметінің жаңа, жемісті кезеңі басталды. Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі көптеген жаңа

занды қабылдауға тиіс болды. Осы жауапты тарихи кезеңде Салық Зиманов білімділік, қайраткерлік қырымен танылды. Қазақ мемлекеттігі мен қазақ халқының тарихында шешуші рөл атқарған «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның» (25.10.1990) жобасын дайындау жөніндегі комиссияны басқарды. Ел тарихындағы екінші бір аса маңызды іс-әрекеті – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңның (16.12.1991) жобасын дайындау жөніндегі комиссияның жетекші мүшелерінің бірі болды. Ол Жоғарғы Кеңестегі

Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының жобасын әзірлеу жөніндегі конституциялық комиссияның мүшесі болды, мұнда ол сарапшылар тобын басқарды.

С.Зиманов 10 томдық «Қазақтың ата-зандары» энциклопедиясына ғылыми жетекшілік жасады. Елге қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Бейбітшілік пен рухани келісім» (1993), «Қазақстан» мемлекеттік сыйлықтарының (2002) лауреаты атанды. «Парасат» орденімен (2002), екі рет «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Бетті дайындаған Айгүл УАЙС



«АЗИЯ ЖАҢҒЫРЫҒЫ» АШЫЛДЫ

Кеше Астанада «Азия жаңғырығы» XIV халықаралық цирк өнері фестивалі ашылды. Елорданың 25 жылдығын мерекелеу аясында қала әкімдігінің қолдауымен осы аптаның аяғына дейін жалғасатын өнер мерекесін ұйымдастырушы – Астаналық цирк.

Бұл фестиваль әлемдік цирк өнерінің үздік жетістіктерін сақтау, дамыту және насихаттау, көрермендердің цирк өнері туралы танымын кеңейту мақсатында жыл сайын өткізіледі. «Азия жаңғырығы» алғаш рет 2007 жылы ұйымдастырылып, қазір осы өнер саласындағы беделді халықаралық фестивальдердің біріне айналды. Осы уақытқа дейін онда әлемнің үздік цирк нөмірлері көрсетіліп, төрткүл әлемдегі жас және атақты цирк әртістерінің өнерін тамашалауға мүмкіндік берді. Бүгіндері фестиваль өтетін күндерді Астананың ғана емес, біртұтас

Қазақстан халқы асыға күтеді. Биыл он төртінші рет басталған фестиваль Азия елдерінің ғана емес, Еуропа, Солтүстік Америка мемлекеттерінің цирк майталмандарын жинап отыр. Атап айтқанда, АҚШ, Франция, Моңғолия, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Беларусь, Венгрия, Қытай, Болгария, Израиль, Якутия, Германия, Тәжікстан және Қазақстан елдерінің әртістері А және Б конкурсы бағдарламаларында бес күн бойы Астаналық цирк аренасында өнер көрсетеді.

Оларға осы салада әлемде мойындалған мамандар баға

береді. Қазылар алқасының төрағасы – Астаналық цирктің бас директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ерік Жолжақсынов. Қазылар құрамына Монте-Карло халықаралық цирк фестивалінің вице-президенті Урс Пилз, Италияның халықаралық цирк өнері фестивалінің президенті Фабио Монтико, «Firebird Productions Ltd» компаниясының президенті Петр Дубинский, Будапешт қаласының Ұлттық цирк өнері және цирк орталығының директоры Питер Фекеге, Cirque D'Niver Bouglione президенті Одетте

Буглионе, Беларусь Мемлекеттік циркінің директоры Владимир Шабан, Тәжікстан Республикасы Мемлекеттік циркінің директоры Бахтиёр Рахматуллозода, Саха Республикасы Мемлекеттік циркінің директоры Сергей Расторгуев, Қазан Мемлекеттік циркі директоры Эльмира Булатова, Моңғол циркін дамыту орталығының президенті Нергуй Ердене, Түрлі түсті бульвардағы Мәскеу циркі бас директорының орынбасары Александр Огурцов, Қазақ мемлекеттік циркінің директоры Мақсат Жайықов бар.



Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ФОТОКӨРМЕДЕ – ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР

Астанадағы MEGA Silk Way сауда-ойын-сауық орталығында «Махаббат – ғажайып күш» атты фотокөрме ашылды. Аталмыш шара Даун синдромына шалдыққан балалар мен олардың ата-анасын қолдау мақсатында ұйымдастырылды.

Фотокөрмені ұйымдастырушы «Солнечный мир» қоғамдық қорының жетекшісі Евгения Чеботаревскаяның айтуынша, аталмыш шараны өткізу былтыр жоспарланған. Алайда сол кезде оны өткізетін орын табылмады. Биыл Астана қаласы Есіл ауданы әкімдігі қолдау көрсетті. Бұл фотокөрме бір апта бойы өтеді.

– Кейбір адамдар Даун жұқпалы ауру деп ойлайды. Біз бұл балалардың қоғамның бір мүшесі екенін көрсеткіміз келеді. Фотосуреттерге көз жүгіртсек, отбасында махаббат-

ты сезініп өсіп келе жатқан балалар қалыпты дамытынын байқауға болады. Олардан қорқудың қажеті жоқ. Даун синдромына шалдыққан жас ата-аналар бізге жиі келеді. Олар кейінгі балалары да осындай диагнозбен тууы мүмкін деп қорқады. Кейбір фотосуреттерде төрт немесе одан да көп балалы отбасылар көрсетілсе, біреуінде ғана Даун дерті, қалған балалар сау. Бұл генетикалық ауытқудың басқа балаларға таралмайтынның дәлелдейді, – дейді Евгения Чеботаревская.



101 ЖЫЛ – 10,1 ШАҢҒЫРЫМ

Биыл 5 тамызда екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, шабуылдаушы-ұшқыш Талғат Бигельдиновтің туғанына 101 жыл толады. Осы дағуа орай Астана қаласы әкімдігінің және ҚР Қорғаныс министрлігінің қолдауымен «Атамнұн аманаты» қоғамдық ұйымы даңқты жерлесіміздің құрметіне 19 тамыз күні Астана қаласының Триатлон паркінде «101 жыл – 10,1 шақырым» атты марафон өткізуді жоспарлап отыр.



Оған кәсіби марафоншылармен бірге әуесқой спортшылар да қатыса алады. Себебі ең ұзақ қашықтықтан бөлек әуесқойларға арналған 4 шақырым қашықтық пен қатысушылардың жас шамалары да ескерілген. Жарыс басталмай тұрып ҚР Қарулы күштері жауынгерлері

Жарыс басталмай тұрып ҚР Қарулы күштері жауынгерлері келіп, биыл Қазақстан әскери ұшқыштары қос мерекені тойлағалы отыр.

Ұйымдастырылып отырған «101 жыл – 10,1 шақырым» марафоны отансүйгіштік мәні зор игі шара болатынына әрі оған көпшіліктің бар ынтысымен қатысатынына сенімдіміз. Бұл даңқты қазақ батырына ғана емес, Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан, хабарсыз кеткен әрбір боздаққа көрсетілген құрмет екені даусыз.

Бұл жолғы астаналық жанкүйерлердің қолдау дауысы қатты естілді. Осыдан қуаттанған футболшылар 40-минутта қарсылас қақпасынан саңылау тапты. «Астананың» қорғаушысы Жарко Томашевич те баспен гол соқты.

Сөйтіп, екі команда бірінші таймды тең есеппен аяқтады.

Екінші таймда біздің футболшылар сауатты ойын өрнегін көрсетті. Қорғаушылар қорғаныста ғана емес, шабуылға да дем берді. 53-минутта қорғаушы Александр Марочкин ерекшеленіп, есепті 2:1-ге жеткізді. Бұдан кейін екі команда шабуылды тоқтатпай, қауіпті сәттер туғызды. Алайда таблодағы есеп өзгеріссіз қалды. Сөйтіп, шабуылшылар емес, қорғаушылар гол соққан матч ретінде ерекшеленді.

Енді 18 тамызға қараған түні Разградта қарымта кездесу өтеді. Бұл кездесуде жеңіп, келесі айналымға шығатын болса, Еуропа лигасының тобына кіру үшін голландиялық «Аякс» ойнайды.

ЕУРОПА ЛИГАСЫН ЖЕҢІСПЕН БАСТАДЫ

Әдеттегідей, «Астана Арена» стадионына асықтық. Бұл жолы елордалық команда Еуропа лигасы аясында Болгарияның «Лудогорец» клубын қабылдады.

Бұған дейін чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінде Астана жолынан жаңылып, Хорватияның «Динамо» клубына ирі есеппен ұтылған-ды. Матч ә дегеннен тартысты басталып, командалар алма-кезек шабуылмен алмасты. 34-минутта Астана командасы жанкүйерлері ауыр дем алып, терең күрсінді. Өйткені «Лудогорецтің» қорғаушысы Ноа Сонко-Сундберг баспен гол соғып, өз командасын алға шығарды.

Бұл жолғы астаналық жанкүйерлердің қолдау дауысы қатты естілді. Осыдан қуаттанған футболшылар 40-минутта қарсылас қақпасынан саңылау тапты. «Астананың» қорғаушысы Жарко Томашевич те баспен гол соқты.

Сөйтіп, екі команда бірінші таймды тең есеппен аяқтады. Екінші таймда біздің футболшылар сауатты ойын өрнегін көрсетті. Қорғаушылар қорғаныста ғана емес, шабуылға да дем берді. 53-минутта қорғаушы Александр Марочкин ерекшеленіп, есепті 2:1-ге жеткізді. Бұдан кейін екі команда шабуылды тоқтатпай, қауіпті сәттер туғызды. Алайда таблодағы есеп өзгеріссіз қалды. Сөйтіп, шабуылшылар емес, қорғаушылар гол соққан матч ретінде ерекшеленді.

Енді 18 тамызға қараған түні Разградта қарымта кездесу өтеді. Бұл кездесуде жеңіп, келесі айналымға шығатын болса, Еуропа лигасының тобына кіру үшін голландиялық «Аякс» ойнайды.